# "Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2026 жылғы 17 сәуірдегі № 160-н/қ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 сәуірде № 38467 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

**БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ, уран өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіруді және уран өндіруді жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 203 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17036 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыруды жүргізу кезінде есептердің нысандарын және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 132-бабына және 145-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:"

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есеп нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кадрлардағы елішілік құндылық туралы есеп нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есеп нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығыстар туралы есеп нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес лицензиялық-келісімшарттық талаптарды орындау туралы есеп нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес өнімді бөлу туралы келісімдер ( келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптарды орындау туралы есеп нысаны;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есеп нысаны;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес мұнайды, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұңғымалар) бойынша игеру кезеңдері жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес мұнайды, газ конденсатын нақты ай сайынғы өндіру және тапсыру туралы есеп нысаны;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес мұнай теңгерімі бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес компанияның мұнайға бағалары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес алушылар бойынша мұнай мен газ конденсатын өндіру, тапсыру және оның қалдықтары жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес мұнай мен газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес мұнай мен газ конденсатын экспортқа тасымалдау бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес мұнайды және газ конденсатын экспортқа ( "Омбы – Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес мұнай мен газ конденсатын экспортқа (" Омбы – Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау жөніндегі жедел жоспарлар туралы есеп нысаны;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес мұнай мен газ конденсатын қабылдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес терминалда мұнай қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес ілеспе және табиғи газды өндіру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы есеп нысаны;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есеп нысаны;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру кезінде есептерді ұсыну қағидалары;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес жобалау (инжиниринг) бойынша тоқсан сайынғы есептілік нысаны бекітілсін.";

7, 9, 10 және 11-қосымшалар алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28 және 29-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1 ) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеден бастап осы бұйрыққа 24-қосымшаның 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5) жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі – жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратты жинауға, сақтауға, талдау мен өңдеуге арналған, көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның "Қазақстан Республикасының

жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған цифрлық жүйесі.";

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап:

осы бұйрықтың 1-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін ( тауарлық газды) барлау, өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың есептерді ұсыну нысандары мен қағидаларын бекіту туралы";

осы бұйрықтың 1-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 132-бабына және 144-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

осы бұйрықтың 1-тармағының отыз бірінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) барлау, өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың есептерді ұсыну қағидалары;";

осы бұйрыққа 24-қосымшада:

тақырып мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін ( тауарлық газды) барлау, өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың есептерді ұсыну қағидалары";

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Осы Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) барлау, өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың есептерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 132-бабына және 144-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) барлау, өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың есептерді ұсыну тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5) отын-энергетика кешенін басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі – көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта өңдеуге және тұтынушыға беруге дайындалған, сондай-ақ өз мұқтаждарына пайдаланылатын, қабаттық қысымды сақтау және (немесе) ұстап тұру мақсатында қабаттарға айдау жолымен кәдеге жаратуға жататын, Кодекстің 146-бабында белгіленген жағдайларда және шарттарда жағылатын шикі газдың айналымдағы мөлшері туралы деректерді автоматтандырылған жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұтынушыға беруге дайындалған шикі мұнай мен газ конденсатының айналымдағы мөлшері туралы деректерді автоматтандырылған жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға;

көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратты сақтауға, талдауға және өңдеуге;

жер қойнауын пайдалану, энергия ресурстарын есепке алу (шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) есепке алу) саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуге және функцияларды орындауға;

шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін ( тауарлық газды) барлау, өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардан не олардың уәкілетті өкілдерінен есептер қабылдауға және (немесе) олармен өзге де ақпараттық өзара іс-қимыл жасауға арналған цифрлық жүйесі.";

3-тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін ( тауарлық газды) барлау, өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар, мұнай өңдеу зауыттары, тасымалдаушылар мен терминалдардың меншік иелері есептерді көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға немесе ведомстволық бағынысты ұйымға жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы ұсынады және оларды бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2-тарау. Шикі мұнайды, газ конденсатын, шикі газды және оны қайта өңдеу өнімдерін (тауарлық газды) барлау, өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың есептерді ұсыну тәртібі".

*Қазақстан Республикасы*
*Энергетика министрі* *Е. Аккенженов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Атом энергиясы жөніндегі агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар
агенттігінің Ұлттық
статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ТЖКҚ-1

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: көмірсутектер жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Сатып алу коды | Шарт № | Сатып алу тәсілі | Сатып алу нысанасының коды | Шарт жасалған күн (күні, айы, жылы) | Шарттың қолданыс мерзімінің аяқталу күні (күні, айы, жылы) | Қосылған құн салығын есепке алмағанда, шарттың жалпы сомасы, мың теңге | Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер берушінің ұйымдық-құқықтық нысаны | Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер берушінің елі | Тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер берушінің атауы | Өнім берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Өнім берушінің нақты орналасқан жерінің мекенжайы | Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің коды | Сатып алынған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы | Қосылған құн салығын есепке алмағанда, құндық мәнінде сатып алудың нақты көлемі, мың теңге | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт нөмірі | Жұмыстағы (көрсетілетінқызметтегі) елішілік құндылық, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| Жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге арналған шарттағы тауарлардың атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы | Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге арналған шарттағы тауарлардың коды | Жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге арналған шартта тауарларды сатып алудың нақты көлемі, қосылған құн салығын есепке алмағанда, құндық мәнде, мың теңге | Өлшем бірлігі | Заттай түрінде сатып алу көлемі | "CT-KZ" сертификаты берілген тауарды өндірушінің атауы |
|---|---|---|---|---|---|
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| "CT-KZ" сертификаты берілген тауарды өндірушінің БСН/ЖСН | "C T - K Z" сертификатының № | "CT-KZ" сертификатын беру күні, (күні, айы, жылы) | "CT-KZ" сертификатында көрсетілген тауардағы елішілік құндылық, % |
|---|---|---|---|
| 24 | 25 | 26 | 27 |
| | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ______________________________ | Мекенжайы/Адрес ________________________________________ ___ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға 1-қосымшада келтірілген.

Сатып алынған тауарлар,
жұмыстар және көрсетілетін
қызметтер, сондай-ақ олардағы
елішілік құндылық көлемі
туралы есеп нысанына
1-қосымша

**"Сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ТЖКҚ-1, тоқсан сайын)**

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімі берген сатып алу коды көрсетіледі.

Осы бағанды жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама ұлттық басқарушы холдингке (бұдан әрі – Қор) тиесілі заңды тұлғалар толтырмайды;

2. 2-бағанда тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет сатып алынған шарттың нөмірі көрсетіледі;

3. 3-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу тәсілін көрсетеді:

1) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есептің нысанына 2-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес, сондай-ақ кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімге сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есептің нысанына 2-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама Қорға тиесілі заңды тұлғалар;

4. 4-бағанда сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ олардағы елішілік құндылық көлемі туралы есептің нысанына 2-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес сатып алу нысанасының коды көрсетіледі;

5. 5-бағанда шарттың жасалған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

6. 6-бағанда шарт қолданысының аяқталу күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

7. 7-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда шарттың жалпы сомасы мың теңгемен (жүздік үлесімен бөлшек сан) көрсетіледі;

8. 8-бағанда Ұйымдық-құқықтық шаруашылық жүргізу нысандарының анықтамалығына сәйкес тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет берушінің ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда баған толтырылмайды;

9. 9-бағанда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес кодты көрсете отырып, тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет берушінің елі көрсетіледі;

10. 10-бағанда өнім берушінің атауы көрсетіледі. Егер тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтамаға сәйкес (заңды тұлғалар үшін) және дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәлікке сәйкес (жеке тұлғалар үшін) өнім берушінің атауы көрсетіледі;

11. 11-бағанда тауар, жұмыс немесе қызмет берушініңбизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Егер тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда баған толтырылмайды;

12. 12-бағанда тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет берушінің нақты орналасқан жерінің мекенжайы көрсетіледі: елді мекен, көше, үй, кеңсе;

13. 13-бағанда осы шарттың шеңберінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің 15 символ деңгейіндегі коды көрсетіледі;

14. 14-бағанда сатып алынған тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

15. 15-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда құндық мәндегі сатып алудың нақты көлемі мың теңгемен (жүздік үлесімен бөлшек сан) көрсетіледі;

16. 16-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі:

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

17. 17-бағанда қосалқы мердігерліктің барлық деңгейлерін, сондай-ақ осы жұмысты (көрсетілетін қызметті) орындау үшін сатып алынған барлық тауарларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) елішілік құндылық пайызбен (жүзден бір үлеске дейін) көрсетіледі;

18. 18-бағанда тапсырыс беруші мен өнім беруші арасындағы шартты, өнім беруші мен қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) арасындағы шарттарды қоса алғанда, жұмысты орындауға арналған шарт шеңберінде сатып алынған тауардың атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттар, қасиеттері мен сипаттамалары) көрсетіледі;

19. 19-бағанда тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес 18-бағанда көрсетілген тауарлардың 15 символ деңгейіндегі коды көрсетіледі;

20. 20-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда құндық мәндегі 18-бағанда көрсетілген тауарларды сатып алудың нақты көлемі мың теңгемен (жүздік үлесімен бөлшек сан) көрсетіледі;

21. 21-бағанда Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 145 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одағының Өлшем бірліктері мен шоттарының жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Баған 14 және 18-бағандарда көрсетілген тауарлар үшін толтырылуға тиіс;

22. 22-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес тауардың заттай түрдегі сатып алу көлемі көрсетіледі. Баған 14 және 18-бағандардағы тауарлар үшін толтырылуға тиіс;

23. 23-бағанда "CT-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген тауарды өндірушінің толық атауы көрсетіледі. Баған жергілікті жерден шығарылған тауарлар үшін толтырылуға тиіс;

24. 24-бағанда "CT-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген тауарды өндірушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Баған жергілікті жерден шығарылған тауарлар үшін толтырылуға тиіс;

25. 25-бағанда "CT-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нөмірі көрсетіледі. Баған жергілікті жерден шығарылған тауарлар үшін толтырылуға тиіс;

26. 26-бағанда "CT-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілген күні көрсетіледі. Баған жергілікті жерден шығарылған тауарлар үшін толтырылуға тиіс;

27. 27-бағанда "CT-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген тауардағы елішілік құндылық пайызбен көрсетіледі. Баған жергілікті жерден шығарылған тауарлар үшін толтырылуға тиіс.

Сатып алынған тауарлар,
жұмыстар және көрсетілетін
қызметтер, сондай-ақ олардағы
елішілік құндылық көлемі
туралы есеп нысанына
2-қосымша

| | |
|---|---|
| | 1-кесте |
| Сатып алу тәсілінің коды | Атауы |
| 101 | Ашық конкурс |
| 102 | Бір көзден алу |
| 103 | Төмендету әдісімен ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) |
| 104 | Тауар биржаларында |
| 105 | Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тәсілдерді қолданбай сатып алу* |
| | 2-кесте |
| | |

| Сатып алу тәсілінің коды | Атауы |
| --- | --- |
| 201 | Тендер |
| 202 | Аукцион |
| 203 | Баға ұсыныстарын сұрату |
| 204 | Бір көзден алу |
| 205 | Тауар биржалары арқылы |
| 206 | Электрондық дүкен арқылы |
| 207 | Холдингішілік кооперация шеңберінде |
| | 3-кесте |
| Сатып алу нысанасының коды | Атауы |
| 0 | Тауар |
| 1 | Жұмыс |
| 2 | Көрсетілетін қызмет |

Ескертпе:

* Кодекстің 131-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4 тармақшаларында көрсетілген тәсілдерді қолданбай.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Кадрлардағы елішілік құндылық туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): КЖҚ-2

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: көмірсутектер жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған жұмыскерлердің жалпы саны | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған жұмыскерлер - Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде 1-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде: | | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде 2-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде: | | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде 3-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде: | | Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде 4-санат бойынша қамтылған жұмыскерлер саны, оның ішінде: | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | барлығы | жұмыскерлер - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны | барлығы | жұмыскерлер - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны | барлығы | жұмыскерлер - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны | барлығы | жұмыскерлер - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты_____________________ ___________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

_______________________________________________________________________________________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Ескертпе: жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты үш (төрт) санатқа бөлінген, кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемені қамтымайтын жер қойнауын пайдаланушы кадрлардағы елішілік құндылық туралы есепті төрт санат бөлінісінде штаттағы жұмыскерлер бойынша ақпаратты бөлу арқылы толтырады.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Кадрлардағы елішілік
құндылық туралы есеп
нысанына қосымша

"Кадрлардағы елішілік құндылық туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (КЖҚ-2, тоқсан сайын)

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі ;

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ кәсіпкерлікті ынталандыру туралы келісімге сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы жұмыскерлердің жалпы саны көрсетіледі;

3. 3-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы жұмыскерлердің – Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны көрсетіледі;

4. 4-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған басқарушы құрамның (басшылар және олардың орынбасарлары) штаттағы жұмыскерлерінің жалпы саны көрсетіледі;

5. 5-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған басқарушы құрамның (басшылар және олардың орынбасарлары) штаттағы жұмыскерлерінің – Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі;

6. 6-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған, құрылымдық бөлімшелердің штаттағы басшыларының және жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандардың жалпы саны көрсетіледі,

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған құрылымдық бөлімшелердің штаттағы басшыларының жалпы саны көрсетіледі;

7. 7-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған құрылымдық бөлімшелердің штаттағы басшыларының – Қазақстан Республикасы азаматтарының және жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандардың – Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі,

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған құрылымдық бөлімшелердің штаттағы басшыларының – Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі;

8. 8-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы білікті жұмысшылардың жалпы саны көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған жоғары және орта кәсіптік білімі бар штаттағы мамандардың жалпы саны көрсетіледі;

9. 9-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы білікті жұмысшылардың – Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы білікті мамандардың – Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі;

10. 10-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер

қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы білікті жұмысшылардың жалпы саны көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, 10-баған толтырылмайды;

11. 11-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта төрт санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шеңберінде қамтылған штаттағы білікті жұмыскерлердің – Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта үш санат бөлінісінде кадрлардағы елішілік құндылық бойынша міндеттемелер болса, 11-баған толтырылмайды.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ҚКОҚ-3

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: көмірсутектер жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте

| Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт нөмірі | Ұйым атауы | Ел коды | Ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі | Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) | Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің нөмірі | Жұмыскер санаты | Оқыту бағытының атауы | Қазақстан Республикасының азаматтарын оқытуға жұмсалған сома, қосылған құн салығын қоспағанда, мың теңге | Жанама шығыстар сомасы (жол жүру, тұру, тәулікақы), қосылған құн салығын есепке алғанда, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

кестенің жалғасы

| Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған сома, қосылған құн салығын қоспағанда, мың теңге | Сатып алу нысанасының коды | Білім беру ұйымының мемлекеттік аттестаттау немесе институционалдық немесе мамандырылған аккредиттеу туралы куәлік нөмірі | Білім беру ұйымының мемлекеттік аттестаттау немесе институционалдық немесе мамандырылған аккредиттеу туралы куәліктің күні | Шот-фактураның нөмірі | Шот-фактураның күні |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

2-кесте

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Оқудан өткен адамдар саны | | | | |
| | | жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері емес, | | | |
| | | техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттары бойынша Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі аса қажетті мамандықтар мен біліктіліктердің, жоғары және | техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың кәсіптік практикадан | біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға | халықтың әлеуметтік осал |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі | жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері | жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесіне сәйкес | өтуіне, оның ішінде дуальды оқытуға | | топтарына жататындар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

кестенің жалғасы

| Жанама шығыстарды (жол жүру, тұру, тәулікақы) ескере отырып оқуға жұмсалған сома, мың теңге | | | | | Қосылған құн салығын есепке алмағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған сома, мың теңге | Мемлекеттік бюджетке аударылған сома, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері | жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері емес, | | | | | |
| | техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттары бойынша Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі аса қажетті мамандықтар мен біліктіліктердің, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесіне сәйкес | техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуіне, оның ішінде дуальды оқытуға | біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға | халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________<br>______________________________ | Мекенжайы/Адрес<br>_______________________________________<br>___ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________
_______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________
_______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________
______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Қазақстандық кадрларды
оқытуды қаржыландыру
бойынша шығыстар туралы
есеп нысанына қосымша

"Қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша шығыстар туралы есеп " әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ҚКОҚ-3, тоқсан сайын)

1-кестеге түсіндірме:

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі :

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда жер қойнауын пайдаланушы оқыту жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерді орындау шеңберінде ақша қаражатын аударған ұйымның атауы көрсетіледі:

1) жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері болып табылатын қазақстандық кадрларды оқытуға;

2) жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері болып табылмайтын қазақстандық кадрларды оқытуға, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 185 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 211 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17020 болып тіркелген) бекітілген Алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді және ( немесе) ураны өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидаларының (бұдан әрі – Оқытуды қаржыландыру қағидалары) 6-тармағы 2) тармақшасына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша қалыптастыратын және көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі аса қажетті мамандықтар мен біліктіліктердің, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлауға.

Тізбені оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган қалыптастырады және ол көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады ;

техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуіне, оның ішінде дуальды оқытуға;

біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға;

3) мынадай санаттағы тұлғалардың Тізбеде көрсетілген бағыттар бойынша шектеусіз жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері болып табылмайтын қазақстандық кадрларды оқытуға:

мүгедектігі бар адамдар;

ата-аналардың біреуі немесе екеуі де мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасылар;

"Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26830 болып тіркелген) бекітілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімінде (бұдан әрі – Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімі) аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінен зардап шегетін адамдар;

жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар;

көпбалалы отбасылар;

толық емес отбасылар;

4) жер қойнауын пайдаланушының Тізбеде көрсетілген бағыттар бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – мемлекеттік білім беру ұйымы) материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуына;

5) жер қойнауын пайдаланушының мемлекеттік білім беру ұйымына мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін ақша қаражатын аударуы;

6) есептік кезеңнің қорытындылары бойынша қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша берешек шеңберінде қазақстандық кадрларды оқытуға мемлекеттік бюджетке аударылған ақшалай қаражат.

3. 3-бағанда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес ұйым орналасқан елдің коды (2-бағанда көрсетілген) көрсетіледі. Егер заңды тұлға – ұйым Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда Қазақстан Республикасының коды көрсетіледі;

4. 4-бағанда ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Егер оқу орны – заңды тұлға Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, баған толтырылмайды;

5. 5-бағанда Қазақстан Республикасының білім алушы азаматының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік бюджетке ақша қаражатын жіберген жағдайда немесе мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде баған толтырылмайды.

6. 6-бағанда 5-бағанда тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген Қазақстан Республикасының білім алушы азаматының жеке куәлігінің нөмірі көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік бюджетке ақша қаражатын жіберген жағдайда немесе мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде баған толтырылмайды.

7. 7-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты орындау кезінде тартылған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерін оқытуға жіберілген санаты көрсетіледі:

1) бірінші санат – басшылар және олардың орынбасарлары;

Бірінші санатқа басшылар және олардың орынбасарлары жатады.

2) екінші санат – құрылымдық бөлімшелердің басшылары;

Екінші санатқа Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес белгіленген жылдың біліктілік талаптарына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелердің басшылары жатады.

3) үшінші санат – мамандар;

Үшінші санатқа Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар жатады.

4) төртінші санат – білікті жұмысшылар.

Төртінші санатқа Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар жатады.

Баған жер қойнауын пайдаланушының жұмыскері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматын оқуға жіберген жағдайда, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік бюджетке ақшалай қаражат жіберген жағдайда немесе мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде толтырылмайды.

8. 8-бағанда оқыту бағытының атауы (мамандықтың атауы, білім беру курсының атауы және т.б.) көрсетіледі.

Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік бюджетке ақша қаражатын жіберген жағдайда немесе мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған кезде баған толтырылмайды.

9. 9-бағанда Қазақстан Республикасы азаматының (5-бағанда көрсетілген) ұйымда ( 2-бағанда көрсетілген) оқуға жұмсалған сомасы қосылған құн салығын есепке алмағанда, мың теңгемен немесе мемлекеттік бюджетке аударылған сомасы көрсетіледі , мың теңгемен.

Мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде баған толтырылмайды.

10. 10-бағанда қосылған құн салығын ескере отырып, Қазақстан Республикасы азаматының (5-бағанда көрсетілген) ұйымда (2-бағанда көрсетілген) оқу процесінде қалыптасқан жанама шығыстардың (жол жүру, тұру, тәулікақы) сомасы көрсетіледі, мың теңгемен;

11. 11-бағанда Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 196 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17122 болып тіркелген) бекітілген Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – ТЖКҚ сатып алу қағидалары) сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымы үшін (2-бағанда көрсетілген) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған сома қосылған құн салығын есепке алмағанда көрсетіледі, мың теңгемен.

Баған жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда ғана толтырылады:

Тізбеде көрсетілген бағыттар бойынша мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жер қойнауын пайдаланушының сатып алуына;

жер қойнауын пайдаланушының мемлекеттік білім беру ұйымына мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін ақша қаражатын аударуы;

12. 12-бағанда ТЖКҚ сатып алу қағидаларына сәйкес сатып алынған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы мемлекеттік білім беру ұйымы үшін (2-бағанда көрсетілген) көрсетіледі.

Баған жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда ғана толтырылады:

Тізбеде көрсетілген бағыттар бойынша мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін жер қойнауын пайдаланушының қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуына;

жер қойнауын пайдаланушының мемлекеттік білім беру ұйымына мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін ақша қаражатын аударуы.

13. 13-бағанда білім беру ұйымын (2-бағанда көрсетілген) мемлекеттік аттестаттау немесе институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеу туралы куәліктің нөмірі көрсетіледі. Егер оқу орны – заңды тұлға Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, баған толтырылмайды.

14. 14-бағанда білім беру ұйымын (2-бағанда көрсетілген) мемлекеттік аттестаттау немесе институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеу туралы куәліктің күні "күн/ай/жыл" форматында көрсетіледі. Егер оқу орны – заңды тұлға Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, баған толтырылмайды.

15. 15-бағанда сомалардың (9-бағанда немесе 11-бағанда көрсетілген) ұйымға (2-бағанда көрсетілген) жіберілгенін растайтын шот-фактураның нөмірі (цифрлық, әріптік және/немесе символдық түрде) көрсетіледі.

Төлем құжатына берілген нөмір болмаған жағдайда бағанда "нөмірсіз" мәні көрсетіледі;

16. 16-бағанда сомалардың (9-бағанда немесе 11-бағанда көрсетілген) ұйымға (2-бағанда көрсетілген) "күн/ай/жыл" форматында жіберілгенін растайтын құжат шот-фактурасының (15-бағанда көрсетілген) күні (күні, айы және жылы) көрсетіледі.

2-кестеге түсіндірме:

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі :

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда есептік кезеңде оқудан өткен жер қойнауын пайдаланушы жұмыскерлерінің саны көрсетіледі, адам;

3. 3-бағанда Оқытуды қаржыландыру қағидаларының 6-тармағы 2) тармақшасына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша қалыптастыратын және көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын Тізбеге сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттары бойынша есепті кезеңде оқудан өткен жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері еместердің саны көрсетіледі, адам;

4. 4-бағанда есепті кезеңде кәсіптік практикадан, оның ішінде дуальды оқытудан өткен техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алатын жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері еместердің саны көрсетіледі, адам;

5. 5-бағанда жер қойнауын пайдаланушының есепті кезеңде біліктілік арттырудан, қайта даярлаудан өткен жұмыскерлері еместердің саны көрсетіледі, адам;

6. 6-бағанда мынадай санаттағы тұлғалардың Тізбеде көрсетілген бағыттар бойынша шектеусіз жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері еместердің есептік кезеңде оқудан өткендерінің саны көрсетіледі:

мүгедектігі бар адамдар;

ата-аналардың біреуі немесе екеуі де мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасылар;

Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімінде бекітілген аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінен зардап шегетін адамдар;

жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар;

көпбалалы отбасылар;

толық емес отбасылар;

7. 7-бағанда есепті кезеңде оқудан өткен жанама шығыстарды (жол жүру, тұру, тәулікақы) ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлерін оқытуға жұмсалған сомасы көрсетіледі, мың теңгемен;

8. 8-бағанда Тізбекке сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттары бойынша жанама шығыстарды (жол жүру, тұру, тәулікақы) ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері еместерді оқытуға есептік кезеңде жұмсалған сома көрсетіледі, мың теңгемен;

9. 9-бағанда есепті кезеңде кәсіптік практикадан, оның ішінде дуальды оқытудан өткен техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың жанама шығыстарын (жол жүру, тұру, тәулікақы) ескере отырып, есептік кезеңде жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері еместерді оқытуға жұмсалған сома көрсетіледі, мың теңгемен ;

10. 10-бағанда есепті кезеңде біліктілік арттырудан, қайта даярлаудан өткен жанама шығыстарды (жол жүру, тұру, тәулікақы) ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері еместерді оқытуға жұмсалған сома көрсетіледі, мың теңгемен;

11. 11-бағанда мынадай санаттағы тұлғалардың Тізбеде көрсетілген бағыттар бойынша шектеусіз, жанама шығыстарды (жол жүру, тұру, тәулікақы) ескере отырып, есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушының жұмыскерлері еместерді оқытуға жұмсалған сома көрсетіледі:

мүгедектігі бар адамдар;

ата-аналардың біреуі немесе екеуі де мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасылар;

Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінен зардап шегетін адамдар;

жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар;

көпбалалы отбасылар;

толық емес отбасылар;

12. 12-бағанда ТЖКҚ сатып алу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымы үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған сома, қосылған құн салығын есепке алмағанда көрсетіледі, мың теңгемен.

Баған жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттық міндеттемелерді орындаған жағдайда ғана толтырылады:

Тізбеде көрсетілген бағыттар бойынша мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жер қойнауын пайдаланушының сатып алуына;

жер қойнауын пайдаланушының мемлекеттік білім беру ұйымына мемлекеттік білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін ақша қаражатын аударуы;

13. 13-бағанда есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру бойынша берешек шеңберінде қазақстандық кадрларды оқытуға арналған мемлекеттік бюджетке есепті кезеңде аударылған сома көрсетіледі, мың теңгемен.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер жөніндегі уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ҒЗТКЖ-4

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: көмірсутектер жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт нөмірі | шарт № | шарт жасалған күн (күні, айы, жылы) | Шартттың қолданыс мерзімінің аяқталған күні (күні, айы, жылы) | Ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың атауы және қысқаша сипаттамасы | Қосылған құн салығын есепке алмағанда, шарттың жалпы сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| Қосылған құн салығын есепке алмағанда, шарт бойынша есепті кезең үшін нақты төленген сома, мың теңге | Сатып алу тәсілі | Өнім берушінің атауы | Өнім берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі) | Өнім берушінің елі | Өнім берушінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметін аккредиттеу туралы куәліктің нөмірі және күні |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ___ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

__________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ______________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға 1-қосымшада келтірілген.

Ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысанына 1-қосымша

"Ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ҒЗТКЖ-4, тоқсан сайын)

1. 1-бағанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі ;

1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірін көрсетеді;

2) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарты Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап жасалған жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірін көрсетеді;

2. 2-бағанда ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар сатып алынған шарттың нөмірі көрсетіледі;

3. 3-бағанда шарттың жасалған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

4. 4-бағанда шарт қолданысының аяқталу күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

5. 5-бағанда ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы көрсетіледі;

6. 6-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда, шарттың жалпы сомасы ( жүздік үлесімен бөлшек сан) мың теңгемен көрсетіледі;

7. 7-бағанда қосылған құн салығын есепке алмағанда, шарт бойынша есепті кезең үшін нақты төленген сома (жүздік үлесімен бөлшек сан) көрсетіледі;

8. 8-бағанда ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды сатып алудың тәсілі көрсетіледі:

1) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды Кодекске сәйкес, ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысанына 2-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

2) ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысанына 2-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығына ие, дауыс беретін акцияларының ( жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар;

9. 9-бағанда өнім берушінің атауы көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда атауы заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтамаға сәйкес (заңды тұлғалар үшін) және дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәлікке сәйкес (жеке тұлғалар үшін) көрсетіледі;

10. 10-бағанда өнім берушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. 10-баған өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда толтырылмайды;

11. 11-бағанда "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің кодын көрсете отырып, ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды берушінің елі көрсетіледі.

12. 12-бағанда Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 шілдедегі № 335 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 33182 болып тіркелген) бекітілген Ғылыми және ( немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларына сәйкес ғылым саласындағы уәкілетті орган берген өнім берушінің аккредиттеу туралы куәліктің сериясы, нөмірі және күні көрсетіледі.

Егер өнім беруші дербес білім беру ұйымы және оның ұйымы болып табылса, 12-баған толтырылмайды.

Ғылыми зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар туралы есеп нысанына 2-қосымша

1-кесте

| Сатып алу коды | Атауы |
|---|---|
| 101 | Ашық конкурс |
| 102 | Бір көзден алу |
| 103 | Төмендету әдісімен ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) |
| 104 | Тауар биржаларында |
| 105 | Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тәсілдерді қолданбай сатып алу* |

2-кесте

| Сатып алу коды | Атауы |
|---|---|
| | |

| | |
|---|---|
| 201 | Тендер |
| 202 | Аукцион |
| 203 | Баға ұсыныстарын сұрату |
| 204 | Бір көзден алу |
| 205 | Тауар биржалары арқылы |
| 206 | Электрондық дүкен арқылы |
| 207 | Холдингішілік кооперация шеңберінде |

Кодекстің 131-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4 тармақшаларында көрсетілген тәсілдерді қолданбай.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
5-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ЛКТ-5

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| | |
|---|---|
| Жер қойнауын пайдаланушының атауы | |
| Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі/жасалған күні | |
| Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі | |
| Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны | |
| | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Инвестор(-лар)/ел(-дер) | | | | |
| Үлестік қатысу (акциялардың %) | | | | |
| Келісімшарттық аумақ/орналасқан орны, алаң, учаске | | | | |
| Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданыс мерзімі | | | | |
| Жер қойнауын пайдалану құқығын алу тәсілі | | | | |
| Байланыс мекенжайы (заңды тұлғалар үшін тіркелген кеңсе) | | | | |
| Баптардың атауы | Жолдар шифрі | Өлшем бірлігі | Келісімшарт бойынша талап | Жыл басынан нақты |
| А | Б | В | 1 | 2 |
| Қаржылық міндеттемелер, барлығы | 500 | миллион теңге | | |
| Инвестициялар, барлығы | 501 | миллион теңге | | |
| Оның ішінде: күрделі қаржы шығыны, барлығы | 503 | миллион теңге | | |
| Барлау (барлауға, барлау мен өндіруге немесе күрделі жоба бойынша барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар үшін толтырылады) | | | | |
| Барлауға арналған шығыстар, барлығы | 509 | миллион теңге | | |
| Геофизикалық жұмыстар: | 200 | миллион теңге | | |
| сейсмобарлау, сейсмобарлау деректерін өңдеу, түсіндіру, қайта түсіндіру | 201 | қума метр | | |
| | | шаршы километр | | |
| гравибарлау | 202 | нүктелер | | |
| магниттік барлау | 203 | шаршы километр | | |
| бұрғылау жұмыстары | 204 | миллион теңге | | |
| | | қума метр | | |
| | | ұңғымалар | | |
| объектілерді сынамалау және сынау | 205 | миллион теңге | | |
| | | объектілер | | |
| гидрогеологиялық | 206 | миллион теңге | | |
| | | бригада/ауысым | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| инженерлік-геологиялық | 207 | миллион теңге | | |
| | | бригада/ауысым | | |
| геологиялық барлау бойынша басқа шығыстар | 208 | миллион теңге | | |
| Ұңғымаларды сынау кезіндегі өндіру көлемі ( сынамалы пайдалану, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру ): мұнайдың | 511 | мың тонна | | |
| газдың | | миллион текше метр | | |
| конденсаттың | | мың тонна | | |
| қабатқа айдау: суды | 209 | мың текше метр | | |
| газды | | мың текше метр | | |
| Ішкі нарыққа өткізу көлемі: мұнай | 512 | мың тонна | | |
| газ | | миллион текше метр | | |
| конденсат | | мың тонна | | |
| Өндіру (өндіруге немесе күрделі жоба бойынша өндіруге арналған келісімшарттар үшін толтырылады) | | | | |
| Өндіруге арналған шығыстар, барлығы | 510 | миллион теңге | | |
| оның ішінде пайдалану мақсатындағы бұрғылау | 210 | миллион теңге | | |
| | | қума метр | | |
| | | ұңғымалар | | |
| тор тығыздығы | | метр | | |
| өндіру бойынша басқа шығыстар (ұңғымаларды қайта іске қосу, жөндеу) | 211 | миллион теңге | | |
| өндіру көлемі: мұнай | 511 | мың тонна | | |
| газ | | миллион текше метр | | |
| конденсат | | мың тонна | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жойылған мұнай қамбаларының ауданы | 212 | шаршы метр | | |
| кәдеге жаратылған газ көлемі | 213 | мың текше метр | | |
| жағылған газ көлемі | 214 | мың текше метр | | |
| қабатқа айдау: суды | 215 | мың текше метр | | |
| газды | | мың текше метр | | |
| Ішкі нарыққа өткізу көлемі: мұнай | 512 | мың тонна | | |
| газ | | миллион текше метр | | |
| конденсат | | мың тонна | | |
| Экспортқа өткізу көлемі: мұнай | 513 | мың тонна | | |
| газ | | миллион текше метр | | |
| конденсат | | мың тонна | | |
| Жалпы талаптар (барлауға, өндіруге, күрделі жоба бойынша өндіруге, өндіру мен барлауға немесе күрделі жоба бойынша барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар үшін толтырылады) | | | | |
| Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту | 515 | миллион теңге | | |
| оның ішінде бюджетке аударылды (бюджеттік сыныптама коды 206114) | | миллион теңге | | |
| Жер қойнауының жай-күйін (ластануын) мониторингілеу | 516 | миллион теңге | | |
| Сақтандыру, барлығы | 517 | миллион теңге | | |
| оның ішінде экологиялық сақтандыру | 518 | миллион теңге | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жою қорына жасалған аударымдар | 519 | миллион теңге | | |
| Қазақстандық мамандарды оқыту, барлығы | 520 | миллион теңге | | |
| | | мың теңге | | |
| оның ішінде: оқытуға арналған жанама шығыстар, барлығы | | миллион теңге | | |
| Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар | 521 | миллион теңге | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында | 522 | миллион теңге | | |
| аумақтарды қайтару | 523 | % | | |
| Жанама шығыстар, барлығы | 524 | миллион теңге | | |
| оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында | 525 | миллион теңге | | |
| Салықтар мен төлемдер, барлығы | 526 | миллион теңге | | |
| оның ішінде: қол қойылатын бонус | 531 | миллион теңге | | |
| тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем | 541 | миллион теңге | | |
| басқа салықтар мен төлемдер | 544 | миллион теңге | | |
| Келісімшарттық қызмет бойынша жиынтық жылдық табыс | 545 | миллион теңге | | |

| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес ________________________________________ ___ |
|---|---|

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ ________________________

Орындаушы/Исполнитель____________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

__________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Лицензиялық-келісімшарттық
талаптардың орындалуы туралы
есеп нысанына
қосымша

"Лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме ( ЛКТ-5, тоқсан сайын)

1. "жер қойнауын пайдаланушының атауы" бағанында толық және бар болса қысқартылған атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда) көрсетіледі;

2. "жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі және күні" бағанында жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;

3. "жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі" бағанында барлау және/ немесе өндіру көрсетіледі;

4. "жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны" бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорнының меншік нысаны көрсетіледі (мемлекеттік, жеке, аралас);

5. "инвестор(-лар)/ел(-дер)" бағанында тиісінше елді, инвестордың (-лардың) тіркелуін көрсете отырып, барлауды және/немесе өндіруді жүргізуді инвестициялайтын жер қойнауын пайдаланушының құрылтайшылары немесе тең құрылтайшылары болып табылатын немесе қатысудың басқа нысандары бойынша жер қойнауын пайдаланушының инвесторлары болып табылатын компанияның немесе компаниялардың атауы көрсетіледі;

6. "үлестік қатысу" бағанында инвестиция салынатын кәсіпорынның акциялары пакетіндегі құрылтайшының/инвестордың үлесі (%-бен) көрсетіледі;

7. "келісімшарттық аумақ/орналасқан орны, алаң, учаске" бағанында келісімшарттық аумақтың – кен орнының, учаскенің, алаңның, бөлінген блоктың ( блоктардың) және т.б. атауы көрсетіледі;

8. "жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданыс мерзімі" бағанында келісімшарт шарттарына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектісінде жұмыстар жүргізудің белгіленген мерзімі (ұзартулармен) көрсетіледі;

9. "жер қойнауын пайдалану құқығын алу тәсілі" бағанында тендер, аукцион, тікелей келіссөздер, құқықтарды басқаға беру көрсетіледі;

10. "байланыс мекенжайы" бағанында мекенжай, телефон, электрондық мекенжай көрсетіледі;

11. "А" бағанында келісімшарттық талаптардың орындалуын мониторингілеу жүзеге асырылатын баптардың атауы көрсетіледі;

12. "Б" бағанында бап атауына сай келетін жол шифрі көрсетіледі;

13. "В" бағанында көрсеткіштердің өлшем бірлігі көрсетіледі;

14. "1" бағанында барлауға, өндіруге, күрделі жоба бойынша өндіруге, барлау мен өндіруге немесе күрделі жоба бойынша барлау мен өндіруге арналған келісімшарт талабы бойынша қаржылық міндеттемелер көрсетіледі;

15. "2" бағанында есепті кезеңде өспелі қорытындымен физикалық және/немесе ақшалай (оның ішінде аванстық төлемдер) көріністе міндеттемелердің нақты орындалуы көрсетіледі (физикалық көріністегі орындалған жұмыстар, қызметтер актісі және т.б. бар болған жағдайда ақшалай көріністегі міндеттемелердің нақты орындалуын есепке жазу әдісімен көрсетуге болады);

16. /500/ "қаржылық міндеттемелер, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттың міндетті бөлігі (қосымша) болып табылатын және заңнамада белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген жобалық құжаттардың негізінде жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарына сәйкес қабылдаған қаржылық міндеттемелер көрсетіледі және келісімшарт бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған барлық шығыстарды көрсететін ақшалай көріністе қаржылық бөлікті қамтиды (/500/=/501/+/517/+/519/+/524/+/526/);

17. /501/ "инвестициялар, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдалану объектілерін барлауға және/немесе өндіруге арналған инвестициялар (қаржылық емес

активтерге, яғни экономиканың нақты секторына арналған инвестициялар), болашақта табыс алу мақсатында келісімшарт бойынша жұмыс істеу үшін қаржы ресурстарының ақшалай көріністегі ұзақ мерзімді салымдары көрсетіледі (/501/=/503/+/509/+/510+ /515/ +/516/+/520/+/521/);

18. /503/ "оның ішінде: күрделі қаржы шығыны, барлығы" бағанында негізгі материалдық капиталға инвестициялар (негізгі құралдар) көрсетіледі, ол шығыстардың мынадай баптарын қамтиды: өндірістік инфрақұрылым – ғимараттар құрылысжайлар; жайластыру, реконструкциялау (автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғысы, лақтыру желілері, далалық лагерь, электр беру желілері); машиналар, жабдықтар; көлік құралдары; қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тазарту құрылысжайларына арналған шығындар, яғни негізгі материалдық капиталды пайдалану тиімділігіне және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға әсер ететін бақылаушы, тазартқыш, ресурс сақтаушы, кәдеге жаратушы жүйелерді орнатуға арналған шығындар;

19. /509/ "барлауға арналған шығыстар, барлығы" бағанында барлауға, барлау мен өндіруге немесе күрделі жоба бойынша барлау мен өндіруге арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес ақшалай көріністе барлау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған тікелей шығыстар көрсетіледі (/509/ = /200/+/204/+/205/+/206/+/207/+/208/);

20. /200/ "геофизикалық жұмыстар, барлығы" бағанында сейсмобарлауға, сейсмобарлау деректерін өңдеуге, түсіндіруге, қайта түсіндіруге арналған шығыстарды қоса алғанда геофизикалық зерттеулердің барлық түрлеріне және геофизикалық жұмыстардың басқа түрлеріне жұмсалған шығыстардың ақшалай көріністегі жалпы сомасы көрсетіледі;

21. /201/ "сейсмобарлау, сейсмобарлау деректерін өңдеу, түсіндіру, қайта түсіндіру" бағанында сейсмобарлау, сейсмобарлау деректерін өңдеу, түсіндіру, қайта түсіндіру жөніндегі жұмыстардың физикалық көріністегі көлемі көрсетіледі (2D – қума метр, 3D – шаршы километр);

22. /202/ "гравибарлау" бағанында гравибарлау жөніндегі жұмыстардың көлемі көрсетіледі, бұл ретте нүктелердің саны көрсетіледі;

23. /203/ "магниттік барлау" бағанында физикалық көріністегі магниттік барлау жөніндегі жұмыстардың көлемі көрсетіледі (шаршы километр);

24. /204/ "бұрғылау жұмыстары" бағанында ақшалай көріністегі (мың теңге) жалпы шығындар (бұрғылауға, жұмылдаруға, демобилизациялауға арналған алаң құрылысы, бұрғылауға арналған материалдар, бұрғылау жабдығын/аспаптарын жалға алу, артқы ілмектерді/сүзгілерді орнату, бұрғылау кезінде өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату, ұңғымаларды игеру және т.б.) және физикалық көріністегі жұмыстар көлемі (қума метр / ұңғымалар саны) көрсетіледі;

25. /205/ "сынамалау және объектілерді сынау" бағанында объектілерді сынамалау мен сынауға (сорғылық-компрессорлық құбырлар, газды каротаж кезіндегі сынақтар, сынау кезінде мұнай мен газ сынамаларын талдау және т.б.) арналған ақшалай

көріністегі (мың теңге) шығындар және бұл ретте сыналатын объектілердің саны көрсетіледі;

26. /206/ "гидрогеологиялық жұмыстар" бағанында жұмыс көлемдері және гидрогеологиялық жұмыстарға арналған ақшалай (мың теңге) және физикалық ( бригада/ауысым) көріністегі шығындар көрсетіледі;

27. /207/ "инженерлік-геологиялық жұмыстар" бағанында жұмыс көлемдері және инженерлік-геологиялық жұмыстарға арналған ақшалай (мың теңге) және физикалық ( бригада/ауысым) көріністегі шығындар көрсетіледі;

28. /208/ "геологиялық барлау бойынша басқа өзге шығыстар" бағанында келісімшарттық объектілерде барлаумен байланысты басқа жұмыстарға (ұңғымаларды қайта іске қосу, оңалту, жөндеу, олардың іссіз тұруы, бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде объектіде жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың тамақтануы/тұруы, бақылау-қадағалау қызметтері, көлік, байланыс, электр энергиясы (өндірістік мақсаттағы) арналған ақшалай көріністегі шығындар көрсетіледі;

29. /511/ "ұңғымаларды сынау кезіндегі өндіру көлемі (сынамалы пайдалану, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру)" бағанында мұнай көлемі мың тоннамен, газ көлемі миллион текше метрмен, конденсат көлемі мың тоннамен көрсетіледі;

30. /209/ "қабатқа суды/газды айдау" бағанында қабат қысымын сақтап тұру үшін қабатқа айдалатын судың/газдың физикалық көріністегі көлемі мың текше метрмен көрсетіледі;

31. /512/ "ішкі нарыққа өткізу көлемі" бағанында есепті кезеңде ішкі нарыққа өткізілген көмірсутек шикізатының өткізу көлемдері көрсетіледі: мұнай мың тоннамен, газ миллион текше метрмен, конденсат мың тоннамен;

32. /510/ "көмірсутектерді өндіруге арналған шығындар, барлығы" бағанында келісімшартқа тәжірибелік-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік игеру жобасына сәйкес өндіруге арналған ақшалай көріністегі жиынтық шығындар көрсетіледі (/510/= /210/+/211/);

33. /210/ "пайдалану мақсатындағы бұрғылау" бағанында жұмыстар көлемі мен көмірсутек шикізатын өндіру кезінде пайдалану мақсатындағы бұрғылауға арналған жұмыстар мен шығыстардың ақшалай және физикалық (қума метр) көріністегі көлемдері көрсетіледі, бұл ретте ұңғымалардың саны көрсетіледі;

34. /211/ "өндіру бойынша басқа шығындар" бағанында көмірсутек шикізатын өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде орын алатын қосымша жұмыстарға жұмсалатын, бірақ осы нысанда ақшалай көріністе бөліп көрсетілмеген шығындар ( жөндеуді қоса алғанда, машиналар мен жабдықтарды (бұрғылау жабдығын, технологиялық көлікті, техниканы және т.б.) жалға алу, бұрғылау аспабы, жанар-жағармай материалдары және арнайы сұйықтықтар, аспап, құтқару жұмыстары, қосалқы бөлшектер, жалақы, (басқару аппаратының жалақысынан басқа), дәрі-дәрмектер (өндірісте пайдаланылатын), жұмыскерлерді тамақтандыру, олардың тұруы, кен орнына (жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттық объектісіне) дейін

жол жүруі, қорғау және қауіпсіздік бойынша басқа шығыстар, өндірістік мақсаттағы негізгі құралдарды жөндеу жөніндегі шығыстар (негізгі құралдардың құнын арттыратын қосалқы бөлшектерге жұмсалған шығындардан басқа), арнайы киім, машиналарға техникалық қызмет көрсету, басқа ұйымдардың қызметтері, байланыс, электр энергиясы (өндірістік мақсаттағы) көрсетіледі;

35. /511/ "көмірсутектерді өндіру көлемі" бағанында мұнай (мың тонна), газ ( миллион текше метр), конденсат (мың тонна) өндірудің физикалық көлемдері көрсетіледі;

36. /212/ "жойылған мұнай қамбаларының ауданы" бағанында есепті кезеңде жойылған мұнай қамбаларының физикалық көріністегі (шаршы метр) ауданы көрсетіледі;

37. /213/ "кәдеге жаратылған газ көлемі" бағанында есепті кезеңде кәдеге жаратылған газдың физикалық көріністегі (мың текше метр) көлемі көрсетіледі;

38. /214/ "жағылған газ көлемі" бағанында есепті кезеңде жағылған газдың физикалық көріністегі (мың текше метр) көлемі көрсетіледі;

39. /215/ "қабатқа суды/газды айдау" бағанында қабат қысымын сақтап тұру үшін қабатқа айдалатын судың/газдың физикалық көріністегі (мың текше метр) көлемі көрсетіледі;

40. /512/ "ішкі нарыққа өткізу көлемі" бағанында есепті кезеңде ішкі нарыққа өткізілген көмірсутектер көлемдері физикалық көріністе көрсетіледі: мұнай (мың тонна ), газ (миллион текше метр), конденсат (мың тонна);

41. /513/ "экспортқа өткізу көлемі" бағанында есепті кезеңде Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан мұнайды (мың тонна), газды (миллион текше метр), конденсатты (мың тонна) шығару көлемдері көрсетіледі;

42. /515/ "өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту" бағанында жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымы объектілерін дамытуға және қолдауға бағыттайтын шығындары, сондай-ақ ол осы мақсаттарға мемлекеттік бюджетке (бюджеттік сыныптама коды 206114) ақшалай көріністе аударатын қаражат көрсетіледі;

43. /516/ "жер қойнауының жағдайын (ластануын) мониторингілеу" бағанында радиациялық мониторинг пен жалпы экологиялық мониторингті қоса алғанда, қадағалау жүйесін жасау мен күтіп ұстауға және қоршаған табиғи ортаның жағдайына мониторинг жүргізуге арналған ақшалай көріністегі шығыстар көрсетіледі;

44. /517/ "сақтандыру" бағанында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде сақтандыруға жасалатын аударымдардың ақшалай көріністегі сомасы (келісімшарт бойынша қызметпен байланысты: көлікті, мүлікті, үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті, жұмыскерлерге зиян келтіргені үшін міндетті және ерікті сақтандырудың барлық түрлері) көрсетіледі;

45. /518/ "оның ішінде экологиялық сақтандыру" бағанында қоршаған ортаны ластау үшін жауапкершілікті сақтандыруға арналған аударымдар сомасы көрсетіледі. Есепті жасау кезінде сақтандыру сомалары көрсетіледі.

46. /519/ "жою қоры" бағанында Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін кепілдің нысанасы болып табылатын банк салымы көрсетіледі, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасында және кен орнын игеру жобасында айқындалған соманың мөлшерінде жоспарлы өндіру көлемдеріне пропорционалды ақшалай көріністегі (мың теңге) ақшалай жарна арқылы қалыптасады (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгеше көзделмесе). Осы баған "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша толтырылады;

47. /520/ "қазақстандық мамандарды оқыту, барлығы" бағанында инвестициялар көлемінің 1% мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру көлемі көрсетіледі (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгеше көзделмесе). "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекс" енгізілгеннен кейін жасалған келісімшарттар үшін жер қойнауын пайдаланушы өткен жылдың қорытындылары бойынша өндіру кезеңінде шеккен өндіру шығындарының 1% мөлшерінде (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгеше көзделмесе) қосылған құн салығын және салықтардың басқа да түрлерін есепке алмағанда ақшалай көріністе, оның ішінде: қосылған құн салығымен есепке алынатын оқытумен байланысты жанама шығыстар (жол жүру, тұру, тәулік ақы);

48. /521/ "ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындар" бағанында өткен жылдың қорытындылары бойынша жылдық жиынтық табыстың 1% мөлшерінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру көлемі көрсетіледі. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекс" енгізілгеннен кейін жасалған келісімшарттар үшін жер қойнауын пайдаланушы өткен жылдың қорытындылары бойынша өндіру кезеңінде (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта өзгеше көзделмесе) өндіру кезеңінде шеккен шығындардың 1% мөлшерінде қосылған құн салығын есепке алмағанда ақшалай көріністе;

49. /522/ "оның ішінде: Қазақстан Республикасының аумағында" бағанында қосылған құн салығын есепке алмағанда Қазақстан аумағында ғылыми-зерттеу институттарының және тәжірибелік-конструкторлық бюролардың жұмысын жүргізу үшін жұмсалған шығындар сомасы ақшалай көріністе көрсетіледі;

50. /523/ "аумақтарды қайтару" бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес келісімшарттық аумақтың бастапқы ауданына пайыздық қатынаста келісімшарттық аумақтың қайтарылуы көрсетіледі;

51. /524/ "жанама шығыстар" бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізу кезінде ақшалай көріністегі жанама шығыстар көрсетіледі, олар есепті кезеңдегі әкімшілік үстеме шығыстарды қамтиды (кеңселерді, басқару аппаратын жалға алу/күтіп ұстау, бухгалтерлік есеп жүргізу, іссапар шығындары, сыйлықақылар, жеке үстеме ақылар, тұрғын үймен қамтамасыз ету, көрсетілетін қызметтердің (өкілдік, консультациялық, аудиторлық, заң , банк, аударма, нотариалдық, пошта, бұқаралық ақпарат құралдары, жарнама) ақысын төлеу, кеңсе техникасына, бағдарламалық жасақтамаға қызмет көрсету, материалдық және медициналық көмек(дәрі-дәрмектерді қоса алғанда), медициналық және санитариялық-гигиеналық бақылау, баспа жазылымы, байланыс қызметтері (ұялы, транкингтік, қалааралық), коммуналдық төлемдер, әкімшілік персоналды тамақтандыру , кеңсені күзету, өрт қауіпсіздігі, интернет, спутниктік телевизия, көлікті жалға алу, бензин, отын, әкімшілік мақсаттағы жағармай материалдары);

52. /525/ "оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында" бағанында Қазақстан аумағындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың шарттарына сәйкес жанама шығыстар сомасы көрсетіледі;

53. /526/ "салықтар мен төлемдер, барлығы" бағанында жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет бюджетіне (республикалық, жергілікті) төлейтін барлық жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар түрлерінің, төлемдер мен алымдардың сомасы көрсетіледі. Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық шығындарды жоспарлау кезінде кейіннен есепті кезеңде түзетумен келісімшартқа жұмыс бағдарламасында көрсетілген салықтар сомасын көздейді. "Талап" бағанында орындалған жұмыстар мен шығындардың нақты көлеміне есептелген салықтардың сомалары, "нақты" бағанында ақшалай көріністе нақты төленген сома көрсетіледі (/526/ =/531/+/541/+/544/);

54. /531/ "қол қойылатын бонус" бағанында жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті іске асыруды пайдалану құқығына тіркелген бір жолғы төлем сомасы көрсетіледі, бұл ретте ұлттық компания жер қойнауын пайдаланушы ретінде әрекет ететін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша Қазақстан Республикасының пайдасына қол қойылатын бонусты егер осындай серіктеспен бірлескен қызмет туралы шартта басқасы көзделмесе, оның стратегиялық серіктесі төлейді;

55. /541/ "тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер" бағанында жер қойнауын пайдаланушы төлейтін, осы келісімшарттық аумақты барлаумен және онда ашылған кен орындарын жайластырумен байланысты мемлекеттің бұрынғы шығындары көрсетіледі (геологиялық ақпаратты сатып алу үшін төлемді қамтиды). Тарихи шығындар сомасы келісімшарттық аумақ бойынша объектінің

геологиялық-геофизикалық зерделенуінің жай-күйін айқындауға арналған мемлекеттің ақшалай көріністе барлық нақты шығындарын түгендеу негізінде айқындалады;

56. /544/ "басқа салықтар мен төлемдер" бағанында осы есептілік нысанында бөліп көрсетілмеген, бірақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде орын алатын ақшалай көріністегі басқа салықтар мен төлемдер көрсетіледі;

57. /545/ "келісімшарттық қызмет бойынша жиынтық жылдық табыс" бағанында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жиынтық жылдық табысқа қосылатын келісімшарттық қызмет бойынша табыс көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
6-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ЛКТ-6-ӨБК

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| | | | Нақты жасалған | | | Үстеме ақы (аплифт) | Нақты жасалған | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| Баптар атауы | Жолдың шифрі | Бекітілген бюджет | Тоқсан бойынша | Жыл басынан бері | Игерудің басынан бастап | | Тоқсан бойынша | Жыл басынан бері | Игерудің басынан бастап |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| Өтелетін шығындар бойынша(миллион теңгемен) | | | | | | | | | |
| Өтелетін шығындар, барлығы | 216 | | | | | | | | |
| оның ішінде: техникалық-экономикалық негіздемені дайындау және пысықтау | 217 | | | | | | | | |
| Барлау және бағалау шығындары | 218 | | | | | | | | |
| оның ішінде: күрделі шығындар | 219 | | | | | | | | |
| зерттеу және іздестіру жұмыстары | 220 | | | | | | | | |
| бұрғылау, тереңдету, бітеу | 221 | | | | | | | | |
| тауарлық-материалдық қорлар | 222 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| еңбекке және көрсетілетін қызметке ақы төлеу | 223 | | | | | | | | | |
| басқа да шығындар | 224 | | | | | | | | | |
| Игеру (өндіру) шығындары | 225 | | | | | | | | | |
| оның ішінде: күрделі шығындар | 226 | | | | | | | | | |
| зерттеу және іздестіру | 227 | | | | | | | | | |
| бұрғылау | 228 | | | | | | | | | |
| тауарлық-материалдық қорлар | 229 | | | | | | | | | |
| еңбекке және көрсетілетін қызметке ақы төлеу | 230 | | | | | | | | | |
| өндіруге, тасымалдауға, сақтауға арналған объектілер | 231 | | | | | | | | | |
| басқа да | 232 | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| шығындар | | | | | | | | | |
| Пайдалану шығындары | 233 | | | | | | | | |
| оның ішінде: пайдалану және техникалық қызмет көрсету | 234 | | | | | | | | |
| жою | 235 | | | | | | | | |
| жер қойнауының жай-күйін (ластануын) мониторингілеу | 236 | | | | | | | | |
| көрсетілетін қызмет шығындары мен шығыстар | 237 | | | | | | | | |
| басқа шығындар | 238 | | | | | | | | |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | 239 | | | | | | | | |
| оның ішінде: кеңселерді (негізгі және далалық) күтіп ұстау | 240 | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| техникалық қызмет көрсету және байланыс | 241 | | | | | | | | | | |
| барлау кезеңіндегі әкімшілік шығыстар | 242 | | | | | | | | | | |
| игеру кезеңіндегі әкімшілік шығыстар | 243 | | | | | | | | | | |
| басқа шығындар | 244 | | | | | | | | | | |
| Басқа өтелетін шығындар | 245 | | | | | | | | | | |
| оның ішінде: коммерциялық табу бонусы | 246 | | | | | | | | | | |
| өндіру бонусы | 247 | | | | | | | | | | |
| басқа өтелетін салықтар мен төлемдер | 248 | | | | | | | | | | |
| әлеуметтік саланы дамыту | 249 | | | | | | | | | | |
| табиғат қорғау | 250 | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| шаралары | | | | | | | | | |
| оқыту шығындары | 251 | | | | | | | | |
| ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар | 252 | | | | | | | | |
| Қазақстан Республикасының өнімін өткізу бойынша шығындар | 253 | | | | | | | | |
| Өтелетін басқа шығындар | 254 | | | | | | | | |
| Өтеуге жатпайтын шығындар бойынша (миллион теңгемен) | | | | | | | | | |
| Өтелмейтін шығындар, барлығы | 255 | | | | | | | | |
| оның ішінде: конкурсқа | 256 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қатысу жарнасы | | | | | | | | | | |
| геологиялық ақпарат үшін | 257 | | | | | | | | | |
| артық шығындар | 258 | | | | | | | | | |
| қоршаған ортаны ластау үшін шектен тыс шектеулер | 259 | | | | | | | | | |
| мердігердің өнімдерін өткізу үшін | 260 | | | | | | | | | |
| тексеру, аудит | 261 | | | | | | | | | |
| өнімді бөлу туралы келісімнің талаптарын орындамау | 262 | | | | | | | | | |
| жолдамаларға, экскурсияларға, саяхаттарға | 263 | | | | | | | | | |
| кредит(қарыз) бойынша сыйақыға | 264 | | | | | | | | | |
| авариялардан | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| келтірілген залал (мердігердің кінәсі бойынша) | 265 | | | | | | | | | |
| ерікті сақтандыруға | 266 | | | | | | | | | |
| сот шығындарына | 267 | | | | | | | | | |
| айыппұлдар мен өсімпұлдар | 268 | | | | | | | | | |
| жұмыскерлердің жеке тұтынуы үшін | 269 | | | | | | | | | |
| өнімді бөлу туралы келісім бойынша біржолғы тіркелген төлемдер | 270 | | | | | | | | | |
| салықтар мен міндетті төлемдер | 271 | | | | | | | | | |
| өнімді бөлу туралы келісіммен байланысты емес шығындар | 272 | | | | | | | | | |

| Өтемдік және пайдалы өнімдер бойынша | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Баптар атауы | Жолдар шифрі | Өлшем бірлігі | Тоқсан бойынша нақты | Жыл бойынша нақты | Игеру басынан бері нақты | Талаптар |
| 1.1 | 2.1 | 3.1 | 4.1 | 5.1 | 6.1 | 7.1 |
| Жалпы табыс | 273 | миллион теңге | | | | |
| Ішкі рентабельділік нормасы | 274 | % | | | | |
| Таза қолма-қол ақша ағыны | 275 | миллион теңге | | | | |
| Бөлу нүктесіндегі өнімнің өткізубағасы | 276 | миллион теңге/ тонна | | | | |
| Өткізу пунктіндегі өнімді өткізу бағасы (қосылған құн салығынсыз ) | 277 | миллион теңге/ тонна | | | | |
| Өнімді өткізудің меншікті шығыны | 278 | миллион теңге/ тонна | | | | |
| Өтемақылық өнімдер, барлығы | 279 | миллион теңге | | | | |
| | | тонна | | | | |
| Пайдалы өнім, барлығы | 280 | миллион теңге | | | | |
| | | тонна | | | | |
| оның ішінде: Қазақстан Республикасының үлесі | 281 | % | | | | |
| | | миллион теңге | | | | |
| | | тонна | | | | |
| мердігердің үлесі | 282 | % | | | | |
| | | миллион теңге | | | | |
| | | тонна | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ___________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Бұрын жасалған өнімді бөлу туралыкелісімдер (келісімшарттар) үшін өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп нысанына қосымша

"Бұрын жасалған өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) үшін өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы 20_____ жылғы ____ тоқсан бойынша есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме ( ЛКТ-6-ӨБК, тоқсан сайын)

1. "1" бағанда өнімді бөлу туралы шарттың (келісімшарттың) талаптарының орындалуына мониторинг жүзеге асырылатын баптардың атауы көрсетіледі;

2. "2" бағанда баптың тақырыбына сәйкес келетін жолдың шифры көрсетіледі;

3. "3" бағанда өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшарт) жұмыс бағдарламасына сәйкес бекітілген бюджет көрсетіледі;

4. "4" бағанда тоқсан бойынша өнімді бөлу туралы келісімнің(келісімшарттың) талаптарын орындау үшін өтеуге жататын нақты жұмсалған шығындар көрсетіледі;

5. "5" бағанда жыл басынан бері өнімді бөлу туралы келісімнің(келісімшарттың) талаптарын орындау үшін өтеуге жататын нақты жұмсалған шығындар көрсетіледі;

6. "6" бағанда кен орнын игеру басынан бастап өнімді бөлу туралы келісімнің ( келісімшарттың) талаптарын орындау үшін өтеуге жататын нақты жұмсалған шығындар көрсетіледі;

7. "7" бағанда өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптарына сәйкес өтемдік мұнай және газ шикізаты есебінен есепті кезеңде өтелмеген шығыстар бөлігі бойынша есептелген үстеме ақы (аплифт) көрсетіледі;

8. "8" бағанда тоқсан бойынша өнімді бөлу туралы келісімнің(келісімшарттың) талаптарын орындауға іс жүзінде өтелген шығыстар көрсетіледі;

9. "9" бағанда жыл басынан бері өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптарын орындауға іс жүзінде өтелген шығыстар көрсетіледі;

10. "10" бағанда кен орнын игеру басталғаннан бастап өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптарын орындауға іс жүзінде өтелген шығындар көрсетіледі.

11. /216/ "өтелетін шығындар, барлығы" бағанында мердігердің жұмыс бағдарламасына және бюджеттерге сәйкес өнімді бөлу туралы жасалған келісім ( келісімшарт) шеңберінде жұмыстарды орындау кезінде нақты жүргізген, өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптарына сәйкес өтемідк өнім есебінен өтелуге жататын негізделген және құжатпен расталған шығындары көрсетіледі (//216/ = /217/+/218/+225/+/233/+/239/+/245/);

12. /217/ "оның ішінде: техникалық-экономикалық негіздемені дайындау және пысықтау" бағанында өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) күшіне енгенге дейін мердігер жүргізген техникалық-экономикалық негіздемені дайындауға және пысықтауға, оның ішінде: өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) жасасудың алдындағы кезеңде техникалық-экономикалық негіздемені дайындауға және пысықтауғажұмсалған шығындар көрсетіледі;

13. /218/ "барлау мен бағалауға арналған шығындар" бағанында бекітілген жылдық жұмыс бағдарламалары мен жылдық бюджеттерге сәйкес барлауға немесе бағалауға арналған бюджетте көзделген шығындардың құрамдас бөлігі болып табылатын немесе оларды шеккен кездегі мұнай операцияларына арналған шығындар көрсетіледі; өтеуге жатпайтын шығындарды қоспағанда, "Өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірменің /509/ шифрлық жолына сәйкес келеді (/218/= /219/+/220/-----/224/);

14. /219/ "оның ішінде: күрделі шығындар" бағанында есепті кезеңдегі күрделі шығындар сомасы көрсетіледі;

15. /220/ "зерттеу және іздестіру" бағанында аэрофототүсірілімдерді, геофизикалық, геохимиялық, палеонтологиялық, геологиялық, топографиялық және сейсмикалық түсірілімдерді, топырақ үлгілерін алуды, қоршаған ортаға әсерді зерделеуді, жинауыштарды зерделеуді және осыған ұқсас жұмыстарды және олардың тиісті түсіндірмесін қоса алғанда, зерттеулер мен іздестіруге жұмсалған шығындар көрсетіледі;

16. /221/ "бұрғылау, тереңдету, тығындау" бағанында мұндай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде аяқталмаған жағдайда (егер ұңғымалар аяқталған болса, онда шығындарды өтеу өндіру кезеңіне өтеді) бүйірлік ұңғымаларды бұрғылауға, тереңдетуге, сөндіруге - бұрғылауға, ұңғымаларды (барлау және бағалау) сынауға, айдауға және күрделі жөндеуге арналған шығындар көрсетіледі;

17. /222/ "тауарлық-материалдық қорлар" бағанында мұндай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде аяқталмаған жағдайда (егер ұңғымалар аяқталса, онда шығындарды өтеу өндіру кезеңіне өтеді) барлау және бағалау ұңғымалары үшін сатып

алынған тауарлық-материалдық қорларға - негізгі құралдарға арналған шығындар көрсетіледі.

18. /223/ "еңбекке және көрсетілетін қызметке ақы төлеу" бағанында мұндай ұңғымалар пайдалану ұңғымалары ретінде аяқталмаған жағдайда (егер ұңғымаларды салу аяқталса, онда шығындарды өтеу өндіру кезеңіне өтеді) барлау және бағалау ұңғымаларын бұрғылау кезіндегі еңбекке және көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу шығындары көрсетіледі;

19. /224/ "басқа шығындар" бағанында басқа да шығындар - жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын объектілер, көрсетілетін қызметтерге өтелетін шығындар, жалпы және әкімшілік шығыстар көрсетіледі;

20. /225/ "игеруге (өндіруге) арналған шығындар" бағанында бекітілген жылдық жұмыс бағдарламалары мен жылдық бюджеттерге сәйкес барлауға немесе бағалауға арналған бюджетте көзделген шығындардың құрамдас бөлігі болып табылатын немесе оларды шеккен кездегі мұнай операцияларына арналған шығындар көрсетіледі; өтеуге жатпайтын шығындарды қоспағанда "Өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық және келісімшарт талаптарының орындалуы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірменің /510/ шифрлық жолына сәйкес келеді. (/225/= /226)/+/227/- ----/232/);

21. /226/ "оның ішінде: күрделі шығындар" бағанында "Өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар) бойынша лицензиялық және келісімшарт талаптарының орындалуы туралы есе"" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірменің /503/ шифрлық жолына сәйкес келетін, өндіру кезеңіне жатқызылған күрделі шығындар көрсетіледі;

22. /227/ "зерттеу және іздестіру" бағанында экологиялық зерттеуге, мұнайды тасымалдауға және ауыстырып тиеуге, инженерлік оқытуға және жобалауға жұмсалған және әрбір нақты жағдайда жайластыру және өндіру жұмыс бағдарламасын әзірлеу мен өндіруді дайындау мен енгізуге қажетті шығындарды қоса алғанда, зерттеулер мен іздестірулерге арналған шығындар көрсетіледі;

23. /228/ "бұрғылау" бағанында бұрғылау, айдау құны көрсетіледі - бұл ұңғымалардың құрғақ немесе өнімділігіне қарамастан өндіруші ұңғымаларын қайта айдау кіреді; мұнай өндіруді ұлғайту үшін суды немесе газды айдау үшін ұңғымаларды бұрғылау және айдау құны, сондай-ақ шегендеу бағандары қондырғылары мен сорғыш-компрессорлық құбырларды қоса алғанда, оларды өнімді ұңғымалар ретінде пайдалану мақсатында бұрын өнімді емес ұңғымалардың құны;

24. /229/ "тауарлық-материалдық қорлар" бағанында өндіру кезінде пайдалану үшін сатып алынған тауарлық-материалдық қорларға – негізгі құралдарға арналған шығындар көрсетіледі;

25. /230/ "еңбекке және көрсетілетін қызметке ақы төлеу" бағанында /228/ шифрлық жолында сипатталған өндіруші ұңғымаларын бұрғылау, тереңдету немесе айдау

кезіндегі еңбекке және көрсетілетін қызметке ақы төлеуге арналған шығындар көрсетіледі;

26. /231/ "өндіру, тасымалдау, сақтау объектілері" бағанында бағанында өндіруге, тасымалдауға және сақтауға арналған объектілердің шығындары көрсетіледі - теңіз платформаларын, құбыр желілерін (оның ішінде теңіздегі), ағынды желілерді, кәсіпшілік құрылысжайларын, технологиялық және тазарту қондырғыларын, сағалық, жерасты жабдықтарын, мұнай өндіру жүйелерін, мұнай қоймаларын, терминалдарды, пирстерді, айлақтарды және олармен байланысты объектілерді, кірме жолдарды және жоғарыда сипатталған жұмыстарға жұмсалған басқа да шығындарды қамтиды;

27. /232/ "басқа шығындар" бағанында басқа да шығындар - жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын объектілер, көрсетілетін қызметтерге өтелетін шығындар, жалпы және әкімшілік шығыстар көрсетіледі;

28. /233/ "пайдалану шығындары" коммерциялық өндіру басталған күннен кейін келтірілген, өндірудің құрамдас бөлігі болып табылатын немесе оларды пайдалану кезінде болған және барлау мен бағалауға, өндіруге, көрсетілетін қызметтерге және жалпы және әкімшілік шығындарға (/238/ шифрлық жолында көрсетілгендерді қоспағанда) өтелетін шығындар санатына жатпайтын мұнай операцияларына жұмсалған барлық шығындар көрсетіледі (/233/ = /234/+/235/------/238/);

29. /234/ "оның ішінде: пайдалану және техникалық қызмет көрсету" ұңғымаларды ( пайдалану және айдау), жабдықтарды, кәсіпшілік, өңдеу, көлік объектілері мен қондырғыларын, қоймаларды пайдалануға, қызмет көрсетуге, күтіп ұстауға, пайдаланудан шығуға және жөндеуге арналған шығындарды қоса алғанда, пайдалануға және қызмет көрсетуге арналған шығындар көрсетіледі;

30. /235/ "жою" бағанында жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) бойынша өз қызметінің салдарын жоюға жұмсаған шығындары көрсетіледі;

31. /236/ "жер қойнауының жай-күйін (ластануын) мониторингілеу" бағанында байқау желісін құруға және күтіп ұстауға және қоршаған ортаның жай-күйіне ( ластануына) мониторинг жүргізуге арналған және "Өнімді бөлу туралы келісімдер ( келісімшарттар) бойынша лицензиялық-келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмелер /518/ шифрлық жолына сәйкес шығындар көрсетіледі;

32. /237/ "қызметтерге арналған шығындар және шығыстар" бағанында көрсетілетін қызметтерге арналған шығындар және көрсетілетін қызметтерге байланысты шығыстар көрсетіледі;

33. /238/ "басқашығындар" бағанында өзге жұмыстарға жұмсалған басқа шығындар көрсетіледі;

34. /239/ "Жалпы және әкімшілік шығындар" бағанында құрамдас бөлік болып табылатын немесе олардың жұмсалуы кезінде құрамдас бөлік болып табылған және

барлау мен өндіруге, өндіруге, пайдалану шығыстарына өтелетін шығыстар санаттары бойынша осы есепті кезеңде жұмсалған өтелетін шығыстар санатының әрқайсысы осы есепті кезеңде барлау мен бағалауға, өндіруге, пайдалану шығындарына өтелетін шығындардың жалпы сомасына жатқызылатын арақатынаста үлестірілуі тиіс санаттарды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жалпы және әкімшілік шығындарға жататын мұнай операцияларына арналған шығындарды қоса алғанда, жалпы және әкімшілік шығындар көрсетіледі (/239/ = /240/+/241/-----/244/);

35. /240/ "оның ішінде: кеңселерді (негізгі және далалық) күтіп ұстау" бағанында негізгі кеңсенің, далалық кеңсеніңшығындары және басқа да кеңсе шығыстары көрсетіледі;

36. /241/ "техникалық қызмет көрсету және байланыс" бағанында техникалық қызметке, байланысқа, жабдықтауға, электр энергиясына арналған шығындар көрсетіледі;

37. /242/ "барлау кезеңіндегі әкімшілік шығыстар" бағанында барлау және бағалау кезеңіндегі жалпы және әкімшілік шығындар көрсетіледі;

38. /243/ "игеру кезеңіндегі әкімшілік шығыстар" бағанында барлау және игеру ( өндіру) кезеңіндегі жалпы және әкімшілік шығындар көрсетіледі;

39. /244/ басқа шығыстар" бағанында басқару, бухгалтерия, заң қызметін көрсету, әкімшілік, кадрлық қызметіне арналған шығыстар және басқа да шығыстар көрсетіледі;

40. /245/ "басқа өтелетін шығындар" бағанында өнімді бөлу туралы коммерциялық табу бонусы /246/, өндіру бонусы /247/, өтелетін басқа да салықтар және өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптарына сәйкес төлемдер /248/, әлеуметтік саланы дамытуға шығындар /249/, табиғатты қорғау іс-шараларына шығындар /250/, келісімшарт бойынша жұмыс жасайтындарды оқытуға арналған шығындар /251/, Қазақстан Республикасының өнімін өткізуге байланысты шығындар /252/ және өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптарына сәйкес басқа да өтелетін шығыстарға қатысты келісімнің (келісімшарттың) талаптарына сәйкес мұнай операцияларына арналған өтелетін басқа шығындар көрсетіледі /253/ (/245/ = /246/+/247/ -----/253/);

41. /255/ "өтелмейтін шығындар, барлығы" бағанында өтемдік өнім есебінен өтелмейтін шығындар көрсетіледі (/255/ = /256/+/257/-----/272/);

42. /256/ "оның ішінде: конкурсқа қатысу жарнасы" бағанында өнімді бөлу талаптарымен жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған инвестициялық бағдарламалар конкурсына қатысу жарнасы көрсетіледі;

43. /257/ "геологиялық ақпарат үшін" бағанында жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органнан геологиялық сатып ақпаратты алуға арналған шығындар көрсетіледі ;

44. /258/ "артық шығындар" бағанында артық шығындар - келісімде шектеулер, оның ішінде елден тыс жерлерде шеккен әкімшілік шығыстар белгіленген, оларды асыра пайдалану бөлігіндегі шығындар баптары бойынша көрсетіледі;

45. /259/ "қоршаған ортаны ластағаны үшін шектен тыс шектеулер" бағанында белгіленген лимиттерден тыс қоршаған ортаны ластағаны үшін айыппұл санкциялары бойынша шығындар көрсетіледі;

46. /260/ "мердігердің өнімін өткізу үшін" бағанында мердігерге тиесілі өтемдік өнімді және осы өнімді бөлу нүктесінен өткізу пунктіне дейін жеткізуге арналған шығындарды, тасымалдау кезіндегі ысыраптарды, тасымалдау кезіндегі сақтандыруға арналған шығындарды, комиссиялық және басқа дашығындарды қоса алғанда, пайдалы өнімнің үлесін өткізуге байланысты мердігердің өнімін өткізуге арналған шығындар көрсетіледі;

47. /261/ "тексеру, аудит" бағанында акционерлердің (құрылтайшылардың) талап етуі бойынша жүзеге асырылған қаржы-шаруашылық қызметті тексеруге (аудитке) байланысты шығындар көрсетіледі;

48. /262/ "өнімді бөлу туралы келісімнің талаптарын орындамау" бағанында мердігердің қазақстандық қамту бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, келісімшартта белгіленген өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты туындаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына байланысты шеккен қосымша артық шығындар көрсетіледі;

49. /263/ "жолдамаларға, экскурсияларға, саяхаттарға" бағанында экскурсиялар мен саяхаттарға жолдамалардың құнын төлеуге байланысты жолдамаларға, экскурсияларға, саяхаттарға арналған шығындар көрсетіледі;

50. /264/ "кредит (қарыз) бойынша сыйақыға" бағанында кредит (қарыз) және қарыз қаражатын пайдаланғаны үшін сыйақы төлемдері, сондай-ақ комиссиялық төлемдер және қарыз қаражатын тартумен және пайдаланумен байланысты басқа да шығыстар көрсетіледі;

51. /265/ "авариялардан келтірілген залал (мердігердің кінәсі бойынша)" бағанында технологияларды және қауіпсіздік техникасын сақтамау салдарынан жер қойнауын пайдаланушының кінәсі бойынша болған авариялар салдарынан келтірілген залалдар көрсетіледі;

52. /266/ "ерікті сақтандыруға" бағанында қызметкерлерді ерікті сақтандыру бойынша шығыстар көрсетіледі;

53. /267/ "сот шығындары" бағанында сот талқылауларына байланысты шеккен шығындар көрсетіледі;

54. /268/ "айыппұлдар мен өсімпұлдар" бағанында мемлекеттік органдар мердігерден өндіріп алған айыппұлдар мен өсімпұлдар көрсетіледі;

55. /269/ "жұмыскерлердің жеке тұтынуы үшін" бағанында, егер мұндай шығындар мердігер жұмыскерлерінің қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке табыс салығына

салынуға жататын табысына енгізілмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген жұмыскерлердің жеке тұтынуына арналған шығыстарды төлеумен байланысты шығындар көрсетіледі;

56. /270/ "өнімді бөлу туралы келісім бойынша біржолғы тіркелген төлемдер" бағанында өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптары бойынша біржолғы тіркелген төлемдер көрсетіледі;

57. /271/ "салықтар және міндетті төлемдер" бағанында өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптары бойынша төленген салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер көрсетіледі;

58. /272/ "өнімді бөлу туралы келісіммен байланысты емес шығындар" бағанында өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) бойынша қызметке жатпайтын шығындар көрсетіледі.

59. "1.1" бағанда өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) талаптарының орындалуы бойынша мониторинг жүзеге асырылатын баптардың атауы көрсетіледі;

60. "2.1" бағанда баптың атауына сәйкес келетін жолдың шифры көрсетіледі;

61. "3.1" бағанда көрсеткіштердің өлшем бірлігі көрсетіледі;

62. "4.1" бағанда тоқсандық кезең үшін алынған нақты көрсеткіштер (заттай және ақшалай түрде) көрсетіледі;

63. "5.1" бағанда жыл басынан бері алынған нақты көрсеткіштер (заттай және ақшалай түрде) көрсетіледі;

64. "6.1" бағанда игерудің басынан бастап алынған нақты көрсеткіштер (заттай және ақшалай түрде) көрсетіледі;

65. "7.1" бағанда өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптары бойынша қабылданған көрсеткіштер көрсетіледі (заттай және ақшалай түрде);

66. /273/ "жалпы кіріс" бағанында өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) тараптары арасындағы шығындарды және бөлуді өтеу үшін өнімнің құны көрсетіледі және өндірілген көмірсутектер санаттары көлемінің есепті кезеңдегі бөлу нүктесіндегі ( өнімді бөлу нүктесі өнімді бөлу туралы келісіммен (келісімшартпен) айқындалады) орташа бағаға көбейтіндісі ретінде есептеледі;

67. /274/ "ішкі рентабельділік нормасы" бағанында рентабельділіктің ішкі нормасы көрсетіледі - өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) күшіне енген сәттен бастап және осындай есепті кезеңді қоса алғанда, әрбір есепті кезең үшін мердігердің қолма-қол ақшасының нақты таза ақша ағынының мәндері бойынша есептелген таза ағымдағы құны нөлге тең болатын дисконттың жылдық мөлшерлемесі (пайызбен) ретінде айқындалады;

68. /275/ "таза қолма-қол ақша ағыны" бағанында есепті кезеңдегі өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) талаптары бойынша өндірісті бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін қоспағанда, өтелетін шығындардың, оның ішінде салықтар мен мемлекетке төленетін міндетті төлемдердің нақты құнын шегеріп

тастағандағы өтемдік және мердігердің пайдалы өнімінің үлесі жалпы нақты құны көрсетіледі;

69. /276/ "бөлу нүктесіндегі өнімді өткізу бағасы" бағанында есепті кезеңдегі өндірілген мұнай санатын бөлу нүктесіндегі орташа өткізу бағасы көрсетіледі;

70. /277/ "өткізу пунктіндегіөнімді өткізу бағасы (қосылған құн салығынсыз)" бағанында есепті кезеңдегі өндірілген мұнай санатын өткізу пунктіндегіорташа өткізу бағасы (қосылған құн салығынсыз) көрсетіледі;

71. /278/ "өнімді өткізудің меншікті шығыны" бағанында есепті кезеңде өндірілген мұнай санатының тоннасына есептегенде өткізуге арналған шығындар көрсетіледі: бөлу нүктесінен өткізу пунктіне дейін тасымалдау (жеткізу) шығыстары, құндық мәндегі тасымалдау кезіндегі ысыраптар, тасымалдау кезіндегі сақтандыру, алымдар, баждар, басқа да төлемдер, комиссиялар және есепті кезеңде бөлу нүктесі мен өткізу пункті арасында жүргізілген өзге де шығыстар;

72. /279/ "өтемдік өнімдер, барлығы" бағанында шығындарды өтеу үшін қажетті бөлу нүктесіндегі есепті кезеңдегі өндірілген мұнай санатының құны көрсетіледі және бөлу нүктесіндегі тоннасына орташа бағаға өндірілген мұнай санаты көлемінің көбейтіндісі ретінде айқындалады, бұл ретте өтемдік мұнай және газ шикізатының көлемі көрсетіледі;

73. /280/ "пайдалы өнім, барлығы" бағанында бөлу нүктесінде өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасы мен мердігер арасында бөлуге жататын шығындарды өтеу үшін талап етілмейтін, мұнай операциялары барысында жоғалмаған (алау жағу, атмосфераға шығару, булану, табиғи кему немесе өзге де жолмен) пайдалану үшін талап етілмейтін (қабаттарға айдау мақсатында немесе өзге де жолмен) есепті кезең үшін өндірілген мұнай санатының құны көрсетіледі және бұл ретте пайдалы мұнай-газ шикізатының көлемі көрсетіледі;

74. /281/ "оның ішінде: Қазақстан Республикасының үлесі" бағанында есепті кезеңдегі пайдалы мұнайды бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі ақшалай және заттай мәндерде %-бен көрсетіледі;

75. /282/ "мердігердің үлесі" бағанында есепті кезеңдегі пайдалы мұнайды бөлу бойынша мердігердің үлесі ақшалай және заттай мәндерде % - бен көрсетіледі.

Ескертпе. Формулаларды пайдалану тек ақшалай мәндегі жол шифрларына қатысты .

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына

7-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын тұлғалардың және (немесе) ұйымдардың құрамы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ЖТБТҚ-7

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| 1. Жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер | |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Жер қойнауын пайдаланушының толық атауы ( заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда) | |
| Жер қойнауын пайдаланушының тіркелген елі | |
| Бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе тіркелген елдегі балама салықтық тіркеу нөмірі | |
| Тіркеу мекенжайы | |
| Тұрақты тұрғылықты мекенжайы | |
| Көмірсутек шикізатын барлауға және (немесе) өндіруге арналған лицензияның/ келісімшарттың күні мен нөмірі | |
| Жер қойнауын пайдаланушының акциялары қор биржасында айналыста ма? | Иә/жоқ |
| Қор биржасының атауы | |
| Шығарылған акциялардың жалпы санынан қор биржасында айналыстағы акциялардың саны мен % | |
| Акция ұстаушыға тиесілі акциялар санының жер қойнауын пайдаланушы акцияларының санына қатынасы %: | |
| а) жеке тұлғалар | |
| | |

| | |
|---|---|
| ә) заңды тұлғалар | |
| б) мемлекеттер | |
| в) халықаралық ұйымдар | |
| г) номиналды ұстаушылар | |
| 2. Жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы тұлғалар туралы мәліметтер (тізбек бойынша әрбір басқа заңды тұлғаға бақылауды жүзеге асыратын барлық заңды тұлғаларды тізімдеу) | |
| 2.1. Заңды тұлғалар | |
| Ұйымдық-құқытық нысанды қоса алғанда, заңды тұлғаның толық атауы, оның ішінде | |
| Тіркелген елі | |
| Тіркелген/құрылған еліндегі тіркеу нөмірі | |
| Тіркеу мекенжайы | |
| Тұрақты тұрғылықты мекенжайы | |
| Заңды тұлғаның акциялары қор биржасында айналыста ма? | Иә/жоқ |
| Қор биржасының атауы | |
| Шығарылған акциялардың жалпы санынан қор биржасында айналыстағы акциялардың саны мен % | |
| 2.2. Бақылау қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат | |
| Тікелей бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы | |
| Бақылау тәсілі: | |
| а) акцияларды иелену | |
| акциялар саны | |
| шығарылған акциялардың жалпы санындағы акциялардың % | |
| акциялар белгілі бір мән-жайларда/шарттарда дауыс беру құқығын бере ме? | Иә/жоқ |
| ә) жоғары басқару органындағы барлық дауыстардың 25% астамының дауыс беру құқығы | |
| тұлғаға тиесілі дауыстар саны | |
| жоғары басқару органының атауы | |
| б) бөлінетін таза табыстың 25% астамын алу құқығы | |
| тұлға алуға құқығы бар таза табыстың үлесі | |
| в) шартқа немесе заңнамаға сәйкес басқа ұйымның шешімдерін айқындау құқығы | |
| құқықтық актінің толық атауымен құқық туындаған шарт немесе заңнама нормасы туралы мәліметтер | |
| Бақылауды иелену күні | |
| (бақылауға ие бірден артық заңды тұлға болған жағдайда 2.1. және 2.2- бөлімдерді қайталау) | |
| 2.3. Номиналды ұстаушылар | |
| Номиналды ұстаушының атауы | |
| Номиналды ұстаушының тіркелуін растайтын ақпарат | |
| | |

| | |
|---|---|
| Шығарылған акциялардың жалпы санынан қор биржасында айналыстағы акциялардың саны мен % | |
| 2.4. Халықаралық ұйымдар | |
| Ұйым тіркелген/құрылған елінің заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табыла ма? | Иә/жоқ |
| Ұйымдық нысанды /ұйымдық-құқықтық нысанды қоса алғанда, ұйымның толық атауы | |
| Тіркелген/құрылған ел | |
| Орналасқан жері | |
| Халықаралық ұйымның мүддесін білдіретін органның атауы және орналасқан жері | |
| 2.5. Бақылау қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат | |
| Тікелей бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы | |
| Бақылау тәсілі: | |
| а) акцияларды иелену | |
| акциялар саны | |
| шығарылған акциялардың жалпы санындағы акциялардың % | |
| акциялар белгілі бір мән-жайларда/шарттарда дауыс беру құқығын бере ме? | Иә/жоқ |
| ә) жоғарғы басқару органындағы барлық дауыстардың 25% астамының дауыс беру құқығы | |
| тұлғаға тиесілі дауыстар саны | |
| жоғарғы басқару органының атауы | |
| б) бөлінген таза табыстың 25% астамын алу құқығы | |
| тұлға алуға құқығы бар таза табыстың үлесі | |
| в) шартқа немесе заңнамаға сәйкес басқа ұйымның шешімдерін айқындау құқығы | |
| құқықтық актінің толық атауымен құқық туындаған шарт немесе заңнама нормасы туралы мәліметтер | |
| Бақылауды иелену күні | |
| (бақылауға ие бірден артық халықаралық ұйым болған жағдайда 2.4. және 2.5-бөлімдерді қайталау) | |
| 2.6. Мемлекеттер | |
| Мемлекеттің толық атауы | |
| Акционердің (сенімгерлік басқарушының) акциялары (қатысу үлесі) функцияларын жүзеге асыратын органның атауы және орналасқан жері | |
| 2.7. Бақылау қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат | |
| Тікелей бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы | |
| Бақылау тәсілі: | |
| а) акцияларды иелену | |
| акциялар саны | |
| | |

| | |
|---|---|
| шығарылған акциялардың жалпы санындағы акциялардың % | |
| акциялар белгілі бір мән-жайларда/шарттарда дауыс беру құқығын бере ме? | Иә/жоқ |
| ә) жоғары басқару органындағы барлық дауыстардың 25% астамының дауыс беру құқығы | |
| тұлғаға тиесілі дауыстар саны | |
| жоғары басқару органының атауы | |
| б) бөлінген таза табыстың 25% астамын алу құқығы | |
| тұлға алуға құқығы бар таза табыстың үлесі | |
| в) шартқа немесе заңнамаға сәйкес басқа ұйымның шешімдерін айқындау құқығы | |
| құқықтық актінің толық атауымен құқық туындаған шарт немесе заңнама нормасы туралы мәліметтер | |
| (бақылауға ие бірден артық мемлекет болған жағдайда 2.6. және 2.7-бөлімдерді қайталау) | |
| 2.8. Жеке тұлғалар | |
| Шетелдік паспортқа сәйкес тегі, аты, әкесінің аты ( ол болған жағдайда) | |
| Туған күні | |
| Ұлттық сәйкестендіру нөмірі | |
| Азаматтық/бодандық | |
| Тіркеу мекенжайы | |
| Тұрақты тұрғылықты мекенжайы | |
| Лауазымы (саяси маңызы бар тұлға жағдайында) | |
| Некелік жағдайы | Иә/Жоқ |
| 2.9. Бақылау қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат | |
| Тікелей бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғаның атауы | |
| Бақылау тәсілі: | |
| а) акцияларды иелену | |
| акциялар саны | |
| шығарылған акциялардың жалпы санындағы акциялардың % | |
| акциялар белгілі бір мән-жайларда/шарттарда дауыс беру құқығын бере ме? | Иә/жоқ |
| ә) жоғары басқару органындағы барлық дауыстардың 25% астамының дауыс беру құқығы | |
| тұлғаға тиесілі дауыстар саны | |
| жоғары басқару органының атауы | |
| б) бөлінген таза табыстың 25% астамын алу құқығы | |
| тұлға алуға құқығы бар таза табыстың үлесі | |
| в) шартқа немесе заңнамаға сәйкес басқа ұйымның шешімдерін айқындау құқығы | |
| | |

| | |
|---|---|
| құқықтық актінің толық атауымен құқық туындаған шарт немесе заңнама нормасы туралы мәліметтер | |
| (бақылауға ие бірден артық жеке тұлға болған жағдайда 2.8. және 2.9- бөлімдерді қайталау) | |
| Есепті орындаушы | |
| Тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) | |
| лауазымы | |
| телефон нөмірі | |
| электрондық пошта мекенжайы | |
| Қолы | |
| Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және растайтын мынадай құжаттарды қоса беремін: | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес ____________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Жер қойнауын пайдаланушыны
тікелей немесе жанама түрде
бақылайтын тұлғалар және
(немесе) ұйымдар құрамы
туралы есеп нысанына қосымша

"Жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама түрде бақылайтын тұлғалар және (немесе) ұйымдар құрамы туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ЖТБТҚ-7, жыл сайын)

1. "1. Жер қойнауын пайдаланушы туралы мәліметтер" бағанында жер қойнауын пайдаланушы-заңды тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі;

2. "жер қойнауын пайдаланушының толық атауы" бағанында заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушының толық атауы көрсетіледі;

3. "жер қойнауын пайдаланушының тіркелген елі" бағанында "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлім. Елдердің кодтары" ҚР ҰЖ ISO 3166-1-2016 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес жер қойнауын пайдаланушының тіркелген елі көрсетіледі;

4. "бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе тіркелген елдегі балама салықтық тіркеу нөмірі" бағанында жер қойнауын пайдаланушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе тіркелген елдегі балама салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

5. "тіркеу мекенжайы" бағанында жер қойнауын пайдаланушының тіркеу мекенжайы көрсетіледі;

6. "тұрақты тұрғылықты мекенжайы" бағанында телефонын, электрондық мекенжайын көрсете отырып, жер қойнауын пайдаланушының тұрақты орналасқан жерінің (заңды тұлғалар үшін тіркелген кеңсенің) байланыс мекенжайы көрсетіледі;

7. "көмірсутек шикізатын барлауға және (немесе) өндіруге арналған лицензияның/келісімшарттың күні мен нөмірі" бағанында көмірсутек шикізатын барлауға және ( немесе) өндіруге арналған лицензияның/келісімшарттың күні мен нөмірі көрсетіледі;

8. "жер қойнауын пайдаланушының акциялары қор биржасында айналыста ма?" бағанында жер қойнауын пайдаланушының акциялары қор биржасында айналыста ма деген сұраққа жауап нұсқаларының бірі көрсетіледі – Иә/Жоқ;

9. "қор биржасының атауы" бағанында егер жер қойнауын пайдаланушының акциялары қор биржасында айналыста болса, қор биржасының атауы көрсетіледі, егер акциялар қор биржасында айналыста болмаса – сызық қойылады;

10. "шығарылған акциялардың жалпы санынан қор биржасында айналыстағы акциялардың саны мен %" бағанында шығарылған акциялардың жалпы санынан қор биржасында айналыстағы жер қойнауын пайдаланушының акцияларының саны мен % көрсетіледі, егер акциялар қор биржасында айналысқа түспесе – сызық қойылады;

11. "Акция ұстаушыға тиесілі акциялар санының жер қойнауын пайдаланушы акцияларының санына арақатынасы %" бағанында жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың және номиналды акция ұстаушылардың жер қойнауын пайдаланушыны бақылайтын пайыздық арақатынастағы тұлғалар саны көрсетіледі;

12. "2. Жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы тұлғалар туралы мәліметтер ( тізбек бойынша әрбір басқа заңды тұлғаға бақылауды жүзеге асыратын барлық заңды тұлғаларды тізімдеу)" жер қойнауын пайдаланушының бас компаниясынан бастап, жер қойнауын пайдаланушының "Қазақстан қор биржасы" қор биржасында/қор

биржаларында және (немесе) "Астана "Халықаралық қаржы орталығының биржасында " акциялар айналысқа түскен жағдайда тізбегі бойынша әрбір басқа заңды тұлғаны бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлғаға (тұлғаларға) дейінгі жер қойнауын пайдаланушыны тікелей немесе жанама бақылайтын барлық тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі, тізбек бойынша әрбір басқа заңды тұлғаны бақылауды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының орналастырылған акцияларының жалпы санынан акциялардың он және одан да көп пайызын иеленетін барлық тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі;

13. "2.1. Заңды тұлғалар" бағанында заңды тұлға болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі;

14. "2.2. Бақылау қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат" бағанында 2.1-бағанда көрсетілген тұлғаның жер қойнауын пайдаланушыға бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушыны бақылайтын біреуден көп заңды тұлға болған жағдайда, осындай барлық заңды тұлғаларға қатысты 2.1 және 2.2-бөлімдерде көрсетілген ақпаратты ұсыну қажет;

15. "2.3. Номиналды ұстаушылар" бағанында жер қойнауын пайдаланушының номиналды акцияларын ұстаушылар туралы мәліметтер көрсетіледі;

16. "2.4. Халықаралық ұйымдар" бағанында халықаралық ұйым болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі;

17. "2.5. Бақылау қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат" бағанында 2.4-бағанда көрсетілген тұлғаның жер қойнауын пайдаланушыға бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушыны бақылайтын біреуден көп халықаралық ұйым болған жағдайда, осындай барлық халықаралық ұйымдарға қатысты 2.4 және 2.5-бөлімдерде көрсетілген ақпаратты ұсыну қажет;

18. "2.6. Мемлекеттер" бағанында мемлекет болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі;

19. "2.7. Бақылау қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат" бағанында 2.6-бағанда көрсетілген мемлекет жер қойнауын пайдаланушыға бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушыны бақылайтын біреуден көп мемлекет болған жағдайда, барлық осындай мемлекеттерге қатысты 2.6 және 2.7-бөлімдерде көрсетілген ақпаратты ұсыну қажет;

20. "2.8. Жеке тұлғалар" бағанында жеке тұлғалар болып табылатын жер қойнауын пайдаланушыны бақылаушы тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі;

21. "2.9. Бақылау қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат" бағанында 2.8-бағанда көрсетілген жеке тұлғаның жер қойнауын пайдаланушыға бақылауды қалай жүзеге асыратыны туралы ақпарат көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушыны бақылайтын біреуден көп жеке тұлға болған жағдайда, барлық осындай жеке тұлғаларға қатысты 2.8 және 2.9-бөлімдерде көрсетілген ақпаратты ұсыну қажет;

22. "есепті орындаушы" бағанында есепті дайындаған тұлға туралы ақпарат (тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) көрсетіледі.

Есепте қамтылған мәліметтерге/ақпаратқа қатысты растайтын құжаттар есепке қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 8-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
8-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнайды және газ конденсатын өндіру және тапсыру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-8

Кезеңділік: тәулік сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ күн _________ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізетін және мұнай өндіруді жүзеге асырмайтындардан жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: тәулік сайын, есепті тәуліктен кейінгі тәуліктің Астана қаласының уақыты бойынша сағат 04.00-ге дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Кен орнының атауы | Өндіру | | | | Тапсыру | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мұнай, тонна | | Газ конденсаты, тонна | | Мұнай, тонна | | Газ конденсаты, тонна | |
| | тәулік бойынша | айдың басынан бері | тәулік бойынша | айдың басынан бері | тәулік бойынша | айдың басынан бері | тәулік бойынша | айдың басынан бері |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | | | | 3 | | | |
| (кен орны 1) | | | | | | | | |
| (кен орны 2) | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | |
| (кен орны n) | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Қалдық | | Ұңғымалардың іссіз тұруы | | Ысыраптар | | Жеке қажеттіліктерге шығындар | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мұнай, тонна | г а з конденсаты, тонна | мұнай, бірлік | г а з конденсаты, бірлік | мұнай, тонна | г а з конденсаты, тонна | мұнай бойынша, тонна | г а з конденсаты бойынша, тонна | |
| 4 | | 5 | | 6 | | 7 | | 8 |
| | | | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________<br>________________________________ | Мекенжайы/Адрес<br>__________________________________________<br>____ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ ________________________

Орындаушы/Исполнитель____________________________________

_______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

__________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____________________________________

Әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнайды және газ
конденсатын өндіру және

тапсыру бойынша
тәулік сайынғы ақпарат
туралы есеп нысанына
қосымша

"Мұнайды және газ конденсатын өндіру және тапсыру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-8, тәулік сайын)

1. 1-бағанда ретімен кен орнының атауы көрсетіледі, кейінгі ақпарат толтырылатын тәртіпке сәйкес толтырылады;

2. 2-бағанда кен орындары бойынша тәуілік ішінде және айдың басынан бері өндірілген мұнайдың және газ конденсатының көлемі тоннамен көрсетіледі;

3. 3-бағанда жер қойнауын пайдаланушы кен орындары бойынша тәулік ішінде және айдың басынан бері сыртқы және ішкі нарықтарға одан әрі беру үшін тасымалдаушыларға тапсырған мұнайдың көлемі көрсетіледі;

4. 4-бағанда кен орындары бойынша күннің соңына қарай сұйық қоймалардағы деңгей бойынша мұнай мен газ конденсаты қалдығының көлемі тоннамен көрсетіледі;

5. 5-бағанда қандай да бір себеппен: жөндеу жұмыстарының, аварияларды жоюдың, зерттеу жұмыстарының жүргізілуі, электр энергиясының өшірілуі салдарынан іссіз тұрған ұңғымалардың саны көрсетіледі;

6. 6-бағанда ұңғымалардың іссіз тұруымен байланысты мұнай ысырабының (кем алынуы) көлемі, яғни ұңғыма іссіз тұрмаса қанша тонна мұнай бере алатындығы (дебит ), жоба есебі көрсетіледі;

7. 7-бағанда кен орындары бойынша өзінің жеке өндірістік-технологиялық қажеттіліктеріне пайдаланылатын мұнайдың және газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

8. 8-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрығына 9-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
9-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнайды, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұңғымалар) бойынша игеру кезеңдері жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-9

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __________ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 (бесіне) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Кен орнының атауы | Ұңғымалардың нөмірлері | Кен орнын игеру кезеңі | Мұнай өндіру, тонна | Газ конденсатын өндіру, тонна | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| (кен орны 1) | | | | | |
| (кен орны 2) | | | | | |
| ..... | | | | | |
| (кен орны n) | | | | | |
| Барлығы | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес ________________________________________ ___ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

_________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнайды, газ конденсатын
өндіру және кен орындары
(ұңғымалар) бойынша игеру
кезеңдері жөніндегі ай
сайынғы ақпарат туралы
есеп нысанына
қосымша

"Мұнайды, газ конденсатын өндіру және кен орындары (ұңғымалар) бойынша игеру кезеңдері жөніндегі ай сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-9, ай сайын)

1. 1-бағанда ретімен кен орнының атауы көрсетіледі, кейінгі ақпарат толтырылатын тәртіпке сәйкес толтырылады;

2. 2-бағанда рет ретімен кен орнындағы ұңғыманың нөмірі көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат рет ретімен қойылған нөмірлерді үзбейді;

3. 3-бағанда кен орнын (ұңғымаларды) игерудің жай-күйі көрсетіледі;

4. 4-бағанда кен орындары (ұңғымалар) бойынша өндірілген мұнайдың жалпы көлемі тоннамен көрсетіледі;

5. 5-бағанда кен орындары (ұңғымалар) бойынша өндірілген газ конденсатының жалпы көлемі тоннамен көрсетіледі;

6. 6-бағанда кен орындары (ұңғымалар) бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 10-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
10-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнайды, газ конденсатын нақты ай сайынғы өндіру және тапсыру туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-10

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 (бесіне) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Ай | Кен орнының атауы | Өндіру | | Тапсыру | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мұнай, тонна | Газ конденсаты, тонна | Мұнай, тонна | Газ конденсаты, тонна | |
| 1 | 2 | 3 | | 4 | | 5 |
| Қаңтар | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Ақпан | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Наурыз | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сәуір | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Мамыр | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Маусым | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Шілде | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Тамыз | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Қыркүйек | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Қазан | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Қараша | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Желтоқсан | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| (ЖЖЖЖ) жыл | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес ________________________________________ ___ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

_______________________________________________________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ___________________________________

Әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнайды, газ конденсатын<br>накты ай сайын өндіру<br>және тапсыру туралы<br>есеп нысанына<br>қосымша

"Мұнайды, газ конденсатын накты ай сайын өндіру және тапсыру туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-10, ай сайын)

1. 1-бағанда жылдың айлары көрсетіледі, кейінгі ақпарат тәртіпке сәйкес толтырылады;

2. 2-бағанда ретімен кен орнының атауы көрсетіледі, бұл ретте кейінгі ақпарат толтырылатын тәртіпке сәйкес толтырылады;

3. 3-бағанда кен орындары бойынша қаңтардан бастап ағымдағы жылдың есепті айына дейін өндірілген мұнайдың және газ конденсатының көлемі тоннамен көрсетіледі;

4. 4-бағанда кен орындары бойынша жер қойнауын пайдаланушы қаңтардан бастап ағымдағы жылдың есепті айына дейін сыртқы және ішкі нарықтарға одан әрі беру үшін тасымалдаушыларға тапсырған мұнайдың және газ конденсатының көлемі тоннамен көрсетіледі;

5. 5-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы<br>Энергетика министрі<br>2026 жылғы 17 сәуірдегі<br>№ 160-н/қ<br>Бұйрыққа 11-қосымша<br>Қазақстан Республикасы<br>Энергетика министрінің<br>2018 жылғы 23 мамырдағы<br>№ 203 бұйрығына

11-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнай теңгерімі бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-11

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10 (онына) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Негізгі көрсеткіштер | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| Ай басындағы мұнай мен газ конденсатының қалдығы барлығы, оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| кен орнындағы | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мұнай қалдығы | | | | | | | | | | | | | |
| мұнайды дайындау және айдау цехында мұнай қалдығы | | | | | | | | | | | | | |
| жауапкершілікпен сақтаудағы мұнай қалдығы | | | | | | | | | | | | | |
| Мұнай мен газ конденсатын өндіру, барлығы, оның ішінде; | | | | | | | | | | | | | |
| мұнай | | | | | | | | | | | | | |
| газ конденсаты | | | | | | | | | | | | | |
| Бөгде ресурстар | | | | | | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | | | | | | |
| Технологиялық ысыраптар | | | | | | | | | | | | | |
| Жеке қажет | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тілікте рге арналғ а н шығы стар | | | | | | | | | | | | | |
| Мұна йды және г а з конде нсаты н тасым алдау шыға ( оның ішінде бөгде ұйымд арға) тапсы р у , барлы ғ ы , оның ішінде : | | | | | | | | | | | | | |
| мұнай | | | | | | | | | | | | | |
| г а з конде нсаты | | | | | | | | | | | | | |
| А й соңын дағы мұнай м е н г а з конде нсаты н ы ң қалды ғ ы , барлы ғ ы , оның ішінде : | | | | | | | | | | | | | |
| к е н орнын дағы | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мұнай қалдығы | | | | | | | | | | | | | |
| мұнайды дайындау және айдау цехында мұнай қалдығы | | | | | | | | | | | | | |
| жауапкершілікпен сақтаудағы мұнай қалдығы | | | | | | | | | | | | | |
| Тасымалдаушыдаай басындағы қалдықтар барлығы, оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| 1 - тасымалдаушыда | | | | | | | | | | | | | |
| 2 - тасымалдаушыда | | | | | | | | | | | | | |
| 3 - тасымалдаушыда | | | | | | | | | | | | | |
| Өткізуге арналған ресурс | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тар, барлығы | | | | | | | | | | | | | |
| Сыртқы нарыққа өнім беру, барлығы, оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| Атырау-Самара мұнай құбыры бойынша | | | | | | | | | | | | | |
| "Каспий құбыр консорциумының" мұнай құбыры бойынша | | | | | | | | | | | | | |
| "Қазақстан-Қытай құбыры " мұнай құбыры бойынша | | | | | | | | | | | | | |
| темір жол бойынша | | | | | | | | | | | | | |
| Ақтау теңіз порты | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ішкі нарыққа өнім беру барлығы, оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| мұнай өңдеу зауыты 1 | | | | | | | | | | | | | |
| мұнай өңдеу зауыты 2 | | | | | | | | | | | | | |
| мұнай өңдеу зауыты 3 | | | | | | | | | | | | | |
| Заттай түрде төленетін салық (жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері), барлығы, оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| пайдалы қазбаларды өндіру салығы (роялти) | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| экспортқа рента салығы | | | | | | | | | | | | | |
| өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі | | | | | | | | | | | | | |
| Бөгде ұйымдарға беру | | | | | | | | | | | | | |
| Тасымалдау кезіндегі мұнай ысыраптары | | | | | | | | | | | | | |
| Тасымалдаушыда ай соңындағы қалдықтар барлығы, оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| 1 тасымалдаушыда | | | | | | | | | | | | | |
| 2 тасымалдаушыда | | | | | | | | | | | | | |
| 3 тасымалдаушыда | | | | | | | | | | | | | |

| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ___ |
| --- | --- |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ ________________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнай теңгерімі бойынша ай
сайынғы ақпарат туралы
есеп нысанына қосымша

"Мұнай теңгерімі бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-11, ай сайын)

1. 1-бағанда мәліметтерді толтыруға қажетті мұнай теңгерімі бойынша негізгі көрсеткіштер көрсетіледі;

2. "Қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан" деген 2-13-бағандарда айлар бойынша көрсеткіштер көрсетіледі;

3. "Барлығы" деген 14-бағанда айлар бойынша қорытынды көрсеткіштер (2-13-бағанның жиынтық көрсеткіші) көрсетіледі.

4. "Ай басындағы мұнай мен газ конденсатының қалдығы барлығы, оның ішінде:" бағанында ай басындағы мұнай мен газ конденсатының қалдығы көрсетіледі;

5. "Кен орнындағы қалдық" бағанында кен орнында сұйық қоймалардағы мұнайдың көлемі көрсетіледі;

6. "Мұнайды дайындау және айдау цехындағы қалдық" бағанында тауарлық мұнайды одан әрі тасымалдау үшін мұнай дайындалатын пункттердің резервуарларындағы мұнайдың көлемі көрсетіледі;

7. "Жауапкершілікпен сақтаудағы қалдық" бағанында осы жер қойнауын пайдаланушы үшін мұнай дайындаумен айналысатын компаниядағы мұнайдың қалдығы көрсетіледі;

8. "Мұнай мен газ конденсатын өндіру, барлығы, оның ішінде:" бағанында жалпы мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі көрсетіледі;

9. "Мұнай" бағанында мұнай өндіру көлемі көрсетіледі;

10. "Газ конденсаты" бағанында газ конденсатын өндіру көлемі көрсетіледі;

11. "Бөгде ресурстар" бағанында басқа компаниялардан сатып алынған мұнай көлемдері көрсетіледі;

12. "Жиыны" бағанында 1, 2 және 3-жолдардың қосындысы көрсетіледі;

13. "Технологиялық ысыраптар" бағанында техника мен технологияның қазіргі деңгейінде осы процестерді аталған ысыраптарсыз жүзеге асыру мүмкін еместігіне байланысты жинаудың, дайындаудың және сақтаудың технологиялық процестері кезінде сөзсіз жоғалатын мұнай көлемі көрсетіледі;

14. "Жеке қажеттіліктерге арналған шығыстар" бағанында өз қажеттіліктеріне жұмсалған мұнайдың және (немесе) газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

15. "Мұнайды тасымалдаушыға (оның ішінде бөгде ұйымдарға) тапсыру, барлығы, оның ішінде:" бағанында тасымалдаушыға тапсырылған мұнайдың және газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

16. "Мұнай" бағанында тасымалдаушыға тапсырылған газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

17. "Газ конденсаты" бағанында тасымалдаушыға тапсырылған мұнай көлемі көрсетіледі;

18. "Ай соңындағы мұнай мен газ конденсатының қалдығы, барлығы, оның ішінде:" бағанында ай соңындағы мұнай мен газ конденсатының қалдығы көрсетіледі;

19. "Кен орнындағы мұнай қалдығы" бағанында кен орнындағы мұнай қалдығы көрсетіледі;

20. "Мұнайды дайындау және айдау цехындағы мұнай қалдығы" бағанында мұнайды дайындау және айдау цехындағы мұнай қалдығы көрсетіледі;

21. "Жауапкершілікпен сақтаудағы мұнай қалдығы" бағанында жауапкершілікпен сақтаудағы мұнай қалдығы көрсетіледі;

22. "Тасымалдаушыда ай басындағы қалдықтар барлығы, оның ішінде:" бағанында тасымалдаушыда ай басындағы мұнай мен газ конденсатының жалпы қалдықтары көрсетіледі;

23. "1-тасымалдаушыда" бағанында 1-тасымалдаушыда мұнай мен газ конденсатының қалдықтары көрсетіледі;

24. "2-тасымалдаушыда" бағанында 2-тасымалдаушыда мұнай мен газ конденсатының қалдықтары көрсетіледі;

25. "3-тасымалдаушыда" бағанында 3-тасымалдаушыда мұнай мен газ конденсатының қалдықтары көрсетіледі;

26. "Өткізуге арналған ресурстар, барлығы" бағанында 7 және 9-жолдардың қосындысы, өткізуге арналған ресурстар көрсетіледі;

27. "Сыртқы нарыққа өнім беру, барлығы, оның ішінде:" бағанында сыртқы нарыққа жалпы өнім беру көрсетіледі;

28. "Атырау – Самара мұнай құбыры бойынша" бағанында Атырау – Самара мұнай құбыры бойынша сыртқы нарыққа өнім беру көрсетіледі;

29. "Каспий құбыр консорциумының" мұнай құбыры бойынша" бағанында "Каспий құбыр консорциумының" мұнай құбыры бойынша сыртқы нарыққа өнім беру көрсетіледі;

30. "Қазақстан – Қытай құбыры" мұнай құбыры бойынша" бағанында "Қазақстан – Қытай құбыры" мұнай құбыры бойынша сыртқы нарыққа өнім беру көрсетіледі;

31. "Темір жол бойынша" бағанында темір жол бойынша сыртқы нарыққа өнім беру көрсетіледі;

32. "Ақтау теңіз порты" бағанында Ақтау теңіз порты арқылы сыртқы нарыққа өнім беру көрсетіледі;

33. "Ішкі нарыққа өнім беру, барлығы, оның ішінде:" бағанында ішкі нарыққа жалпы өнім беру көрсетіледі;

34. "Мұнай өңдеу зауыты 1" бағанында 1-мұнай өңдеу зауытына ішкі нарыққа өнім беру көрсетіледі;

35. "Мұнай өңдеу зауыты 2" бағанында 2-мұнай өңдеу зауытына ішкі нарыққа өнім беру көрсетіледі;

36. "Мұнай өңдеу зауыты 3"" бағанында 3-мұнай өңдеу зауытына ішкі нарыққа өнім берукөрсетіледі;

37. "Заттай түрде төленетін салық (жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері), барлығы, оның ішінде: барлығы, оның ішінде:" бағанында жалпы заттай түрде төленетін салық (жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері) көрсетіледі;

38. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (роялти)" бағанында пайдалы қазбаларды өндіру салығы (роялти) көрсетіледі;

39. "Экспортқа рента салығы" бағанында экспортқа рента салығы көрсетіледі;

40. "Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі" бағанында өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі көрсетіледі;

41. "Бөгде ұйымдарға беру" бағанында бөгде ұйымдарға берілген мұнай мен газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

42. "Тасымалдау кезіндегі мұнай ысыраптары" бағанында тасымалдау кезіндегі мұнай ысыраптары көрсетіледі;

43. "Тасымалдаушыда ай соңындағы қалдықтар барлығы, оның ішінде:" бағанында тасымалдаушыда ай соңындағы мұнай мен газ конденсатының жалпы қалдықтары көрсетіледі;

44. "1-тасымалдаушыда" бағанында 1-тасымалдаушыда мұнай мен газ конденсатының қалдықтары көрсетіледі;

45. "2-тасымалдаушыда" бағанында 2-тасымалдаушыда мұнай мен газ конденсатының қалдықтары көрсетіледі;

46. "3-тасымалдаушыда" бағанында 3-тасымалдаушыда мұнай мен газ конденсатының қалдықтары көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 12-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
12-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға/ведомстволық бағынысты ұйымға (көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы және бірыңғай деректер базасын жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Компанияның мұнайға арналған бағалары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-12

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10 (онына) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| | | | Ішкі нарықтағы мұнай бағасы | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| № р/с | Кен орнының атауы | Негізгі сатып алушы (бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі) | Қосылған құн салығынсыз 1 (бір) тонна үшін бағасы, теңге | Ескертпе (сатудың шарттарын көрсету – кен орнынан, терминалға, зауытқа ) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | |
| | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ___ |

Телефоны/Телефон___________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ ________________________

Орындаушы/Исполнитель____________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

___________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Компанияның мұнайға
арналған бағалары
бойынша ай сайынғы ақпарат
туралы есеп нысанына
қосымша

"Компанияның мұнайға арналған бағалары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-12, ай сайын)

1. 1-бағанда ретімен нөмір көрсетіледі, кейінгі ақпарат өз ретіне сәйкес толтырылады;

2. 2-бағанда ретімен кен орны көрсетіледі, кейінгі ақпарат тәртіпке сәйкес толтырылады;

3. 3-бағанда ұйымдық-құқықтық нысанды және деректемелерді (бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі) көрсете отырып, жер қойнауын пайдаланушыдан мұнайды сатып алатын заңды немесе жеке тұлғаның (сатып алушының) фирмалық атауы көрсетіледі;

4. 4-бағанда сату талаптарын ескере отырып (сату шарттарын көрсету – кен орнынан, терминалға не зауытқа), Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының ақшалай баламасымен көрсетілетін мұнайдың 1 (бір) тонна үшін бағасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 13-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
13-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Алушылар бойынша мұнайды және газ конденсатын өндіру, тапсыру және оның қалдықтары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-13

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| № р/с | Мұнай өндіру, тонна | Газ конденсатын өндіру, тонна | Мұнай тапсыру, тонна | Газ конденсат | Мұнай қалдығы, тонна | Газ конденсат | Бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілге | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | ы н тапсыру, тонна | | ының, қалдығы, тонна | н алушының атауы | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес ___________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Алушылар бойынша мұнайды
және газ конденсатын өндіру,
тапсыру және оның қалдықтары
бойынша ай сайынғы
ақпарат туралы есеп нысанына
қосымша

"Алушылар бойынша мұнайды және газ конденсатын өндіру, тапсыру және оның қалдықтары бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-13, ай сайын)

1. 1-бағанда ретімен нөмір көрсетіледі;

2. 2-бағанда есепті айдың ішінде өндірілген мұнайдың көлемі тоннамен көрсетіледі;

3. 3-бағанда есепті айдың ішінде өндірілген газ конденсатының көлемі тоннамен көрсетіледі;

4. 4-бағанда жер қойнауын пайдаланушы сыртқы және ішкі нарықтарға одан әрі беру үшін тасымалдаушыға тапсырған мұнайдың тоннадағы көлемі көрсетіледі;

5. 5-бағанда жер қойнауын пайдаланушы сыртқы және ішкі нарықтарға одан әрі беру үшін тасымалдаушыға тапсырған газ конденсатының тоннадағы көлемі көрсетіледі;

6. 6-бағанда кен орындары бойынша есепті айдың аяғына қарай резервуарлардағы деңгей бойынша мұнай қалдығының тоннадағы көлемі көрсетіледі;

7. 7-бағанда кен орындары бойынша есепті кезеңнің аяғына қарай резервуарлардағы деңгей бойынша газ конденсаты қалдығының тоннадағы көлемі көрсетіледі;

8. 8-бағанда ұйымдық-құқықтық нысанды және деректемелерді (бизнес сәйкестендіру нөмірі) көрсете отырып, заңды тұлғаның (алушының) атауы көрсетіледі;

9. 9-бағанда алушылар бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 14-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
14-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнайды және газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жылдық ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-14

Кезеңділік: жыл сайын

Есепті кезең: 20__ жыл бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, әр жылдың 25 (жиырма бесінші) желтоқсанына дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| | | Өндіру | | Тапсыру | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| Ай | Кен орнының атауы | Мұнай, тонна | Г а з конденсаты, тонна | Мұнай, тонна | Г а з конденсаты, тонна | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | | 4 | | 5 |
| Қаңтар | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Ақпан | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Наурыз | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Сәуір | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Мамыр | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| | (кен орны № 1) | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Маусым | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Шілде | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Тамыз | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Қыркүйек | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Қазан | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| Қараша | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Желтоқсан | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |
| (ЖЖЖЖ) жыл | (кен орны № 1) | | | | | |
| | (кен орны № 2) | | | | | |
| | ... | | | | | |
| | (кен орны № n) | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ______________________ __________________________________ | Мекенжайы/Адрес _____________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон___________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ ________________________

Орындаушы/Исполнитель____________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

___________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____________________________________

Әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнайды және газ конденсатын
өндіру және тапсыру жоспары
бойынша жылдық ақпарат
туралы есеп нысанына
қосымша

"Мұнайды және газ конденсатын өндіру және тапсыру жоспары бойынша жылдық ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-14, жыл сайын)

1. 1-бағанда жылдың айлары көрсетіледі, кейінгі ақпарат тәртіпке сәйкес толтырылады;

2. 2-бағанда ретімен кен орны көрсетіледі;

3. 3-бағанда кен орындары бойынша есепті жылдың қаңтарынан бастап желтоқсанына дейін өндірілетін мұнай мен газ конденсатының жоспарлы көлемі тоннамен көрсетіледі;

4. 4-бағанда жер қойнауын пайдаланушы есепті жылдың қаңтарынан бастап желтоқсанына дейін сыртқы және ішкі нарықтарға одан әрі жеткізу үшін тасымалдаушыға тапсыратын мұнайдың және газ конденсатының тоннадағы жоспарлы көлемі көрсетіледі;

5. 5-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 15-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
15-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға/ведомстволық бағынысты ұйымға (көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы және бірыңғай деректер базасын жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнайды және газ конденсатын экспортқа тасымалдау бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-15

Кезеңділік: тәулік сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ күн _________ай

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: тасымалдаушы (мұнай тасымалдайтын жеке немесе заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: тәулік сайын, есепті тәуліктен кейінгі тәуліктің Астана уақыты бойынша сағат 06.00-ге дейін.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Бағыт | Көлем, тонна | | оның ішінде қазақстандық мұнай көлемі | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәулік ішінде | айдың басынан бері | тәулік ішінде | айдың басынан бері | |
| 1 | 2 | | 3 | | 4 |
| (1-бағыт) | | | | | |
| (2-бағыт) | | | | | |
| (3-бағыт) | | | | | |
| ... | | | | | |
| Жиыны | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес ____________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________

_______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

_________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнайды және газ конденсатын

экспортқа тасымалдау
бойынша тәулік сайынғы
ақпарат туралы есеп нысанына
қосымша

"Мұнайды және газ конденсатын экспортқа тасымалдау бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-15, тәулік сайын)

1. 1-бағанда мұнайды құбыр бойынша тасымалдау кезіндегі магистральдық мұнай құбырының атауы; мұнайды теңіз көлігімен тасымалдау кезіндегі теңіз портының атауы; мұнайды теміржолмен тасымалдау кезіндегі мұнай тиеп-жөнелтілетін станцияның атауы көрсетіледі;

2. 2-бағанда бағыттар бойынша тәулік ішінде және ай басталғаннан бері тасымалданған мұнай мен газ конденсатының көлемдері тоннамен көрсетіледі;

3. 3-бағанда бағыттар бойынша тәулік ішінде және ай басталғаннан бері тасымалданған қазақстандық мұнай мен газ конденсатының көлемдері тоннамен көрсетіледі;

4. 4-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 16-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
16-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға/ведомстволық бағынысты ұйымға (көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы және бірыңғай деректер базасын жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы – Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-16

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __________ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: тасымалдаушы (мұнай тасымалдайтын жеке немесе заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізіне) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Жер қойнауын пайдаланушы | (1-бағыт) | | | | (2-бағыт) | | | | (n бағыт) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | | оның ішінде қазақстандық мұнайдың көлемі | | Барлығы | | оның ішінде қазақстандық мұнайдың көлемі | | Барлығы | | оның ішінде қазақстандық мұнайдың көлемі | |
| | ай ішінде | жыл басынан бері | ай ішінде | жыл басынан бері | ай ішінде | жыл басынан бері* | ай ішінде | жыл басынан бері | ай ішінде | жыл басынан бері | ай ішінде | жыл басынан бері |
| 1 | 2 | | | | 3 | | | | … | | | |
| (1-жер қойнауын пайдаланушы) | | | | | | | | | | | | |
| (2-жер қойнауын пайдаланушы) | | | | | | | | | | | | |
| (3-жер қойнауын пайдаланушы) | | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | | |
| (n жер қойнауын пайдаланушы) | | | | | | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ______________________ ________________________________________ | Мекенжайы/Адрес ______________________________________________________________ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________
________________________

Орындаушы/Исполнитель____________________________________
_______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

___________________________________________________________________________
______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнайды және газ конденсатын
экспортқа ("Омбы – Павлодар"
құбырын қоспағанда)
тасымалдау бойынша ай
сайынғы ақпарат туралы
есеп нысанына
қосымша

"Мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы-Павлодар" құбырын қоспағанда ) тасымалдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (ПН-16, ай сайын)

1. 1-бағанда одан әрі тасымалдау үшін тасымалдаушыға мұнайды беретін жеке немесе заңды тұлғаның мәліметтері көрсетіледі;

2. 2, 3 және одан кейінгі бағандарда бағыттарға сәйкес және жер қойнауын пайдаланушылар бойынша қазақстандық мұнай мен газ конденсатының көлемдерін жеке көрсете отырып, ай ішінде және жыл басынан бері тасымалданған мұнай және газ конденсатының көлемдері көрсетіледі.

Бағытпен мұнайды құбыр бойынша тасымалдау кезіндегі магистральдық мұнай құбырының атауы; мұнайды теңіз көлігімен тасымалдау кезіндегі теңіз портының атауы; мұнайды теміржолмен тасымалдау кезіндегі мұнай тиеп-жөнелтілетін станцияның атауы көрсетіледі.

Мұнайды құбырмен тасымалдау кезінде осы ақпаратқа "Омбы – Павлодар" құбыры бойынша тасымалданған көлем қосылатын болады.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 17-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
17-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға/ведомстволық бағынысты ұйымға (көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы және бірыңғай деректер базасын жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы – Павлодар" құбырын қоспағанда) тасымалдау бойынша жедел жоспарлар туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-17

Кезеңділік: жыл сайын

Есепті кезең: 20__ жыл бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: тасымалдаушы (мұнай тасымалдайтын жеке немесе заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, әр жылдың 25 (жиырма бесінші) желтоқсанына дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Ай | Тасымалдау бағыты | Көлем, тонна | оның ішінде қазақстандық мұнай көлемі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Қаңтар | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Ақпан | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Наурыз | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Сәуір | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Мамыр | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Маусым | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Шілде | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Тамыз | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Қыркүйек | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Қазан | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қараша | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Желтоқсан | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |
| (ЖЖЖЖ) жыл | (№ 1 бағыт) | | | |
| | (№ 2 бағыт) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n бағыт) | | | |
| | Барлығы | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ___ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнайды және газ конденсатын
экспортқа ("Омбы – Павлодар"
құбырын қоспағанда)
тасымалдау бойынша жедел
жоспарлар туралы

есеп нысанына
қосымша

"Мұнайды және газ конденсатын экспортқа ("Омбы-Павлодар" құбырын қоспағанда ) тасымалдау бойынша жедел жоспарлар туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-17, жыл сайын)

1. 1-бағанда жыл басынан (қаңтар) бастап жыл аяғына (желтоқсан) дейінгі кезең көрсетіледі;

2. 2-бағанда мұнайды құбыр бойынша тасымалдау кезіндегі магистральдық мұнай құбырының атауы; мұнайды теңіз көлігімен тасымалдау кезіндегі теңіз портының атауы; мұнайды теміржолмен тасымалдау кезіндегі мұнай тиеп-жөнелтілетін станцияның атауы көрсетіледі.

3. 3-бағанда бағыттар бойынша жыл ішінде тасымалданатын мұнай мен газ конденсатының көлемі тоннамен көрсетіледі;

4. 4-бағанда бағыттар бойынша тасымалданатын қазақстандық мұнай мен газ конденсатының көлемдері тоннамен көрсетіледі;

5. 5-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 18-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
18-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға/ведомстволық бағынысты ұйымға (көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы және бірыңғай деректер базасын жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Мұнайды және газ конденсатын қабылдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-18

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _________ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: мұнай өңдеу зауыттары (ішкі және сыртқы нарықтарда өңдеу өнімдерін одан әрі өткізуге арналған мұнайды өңдеу мақсатында мұнай қабылдайтын зауыттар), қуаты аз

мұнай өңдеу зауыттары (жобалық қуаты шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеу көлемін жылына сегіз жүз тоннадан кем көздейтін технологиялық қондырғыларда мұнай өңдеу өндірісін жүзеге асыратын зауыттар)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесіне) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Жер қойнауын пайдаланушы | Өнім берушілер | Мұнайдың түсімі, барлығы, тонна | | | | Оның ішінде, тонна | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | теміржол көлігі | | автокөлік | | магистральдық құбыр | |
| | | ай ішінде | оның ішінде ай ішіндегі импорт | жыл басынан бері | оның ішінде жыл басынан бері импорт | ай ішінде | жыл басынан бері | ай ішінде | жыл басынан бері | ай ішінде | жыл басынан бері |
| 1 | 2 | 3 | | | | 4 | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Ай басындағы мұнай қалдығы, тонна | Өңделген мұнай, тонна | | Тиеп-жөнелтілген мұнай, тонна | | Ай соңындағы мұнай қалдығы, тонна | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ай ішінде | жыл басынан бері | ай ішінде | ай ішінде | | |
| 5 | 6 | | 7 | | 8 | 9 |
| | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ ______________ _

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ___________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Мұнайды және газ конденсатын қабылдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп нысанына қосымша

"Мұнайды және газ конденсатын қабылдау бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-18, ай сайын)

1. 1-бағанда одан әрі қайта өңдеу үшін мұнайды тапсырған жер қойнауын пайдаланушылардың атауы көрсетіледі;

2. 2-бағанда мұнай өңдеу зауытына, қуаты аз мұнай өңдеу зауытына жер қойнауын пайдаланушылардан мұнайды беретін жеке немесе заңды тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі;

3. 3-бағанда жер қойнауын пайдаланушыларға сәйкес импорттық мұнай мен газ конденсатының көлемдерін жеке көрсете отырып, ай ішінде және жыл басынан бері қабылданған мұнай мен газ конденсатының тоннадағы көлемдері көрсетіледі;

4. 4-бағанда өнім берушілерге сәйкес тасымалдау тәсілдері бөлінісінде ай ішінде және жыл басынан бері қабылданған мұнай мен газ конденсатының тоннадағы көлемдері көрсетіледі;

5. 5-бағанда есепті айдың басына қарағандағы жағдай бойынша мұнай өңдеу зауытында, қуаты аз мұнай өңдеу зауытында орналасқан мұнайдың тоннадағы көлемі көрсетіледі;

6. 6-бағанда есепті кезеңде және жыл басынан бері мұнай өңдеу зауытында, қуаты аз мұнай өңдеу зауытында өңделген мұнайдың тоннадағы көлемі көрсетіледі;

7. 7-бағанда есепті кезеңде және жыл басынан бері мұнай өңдеу зауытынан, қуаты аз мұнай өңдеу зауытынан тиеп-жөнелтілген мұнайдың тоннадағы көлемі көрсетіледі;

8. 8-бағанда есепті айдың соңына қарағандағы жағдай бойынша мұнай өңдеу зауытында, қуаты аз мұнай өңдеу зауытында орналасқан мұнайдың тоннадағы көлемі көрсетіледі;

9. 9-бағанда қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 19-қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
19-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға/ведомстволық бағынысты ұйымға (көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы және бірыңғай деректер базасын жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Терминалда мұнай қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ПН-19

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _________ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: терминалдардың меншік иелері (мұнайды сақтауға арналған резервуар, сондай-ақ мұнайды көліктен (теміржол цистерналарынан, автоцистерналардан, танкерлерден немесе мұнай құбырынан) қабылдау/тиеп-жөнелту үшін платформа түріндегі өнеркәсіптік объектіні иеленетін заңды немесе жеке тұлға)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтысына) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| № р/с | Мұнай жеткізетін кәсіпорын атауы | Мұнай жеткізетін кәсіпорынның байланыс мәліметтері | Мұнайдың шығу тегі (кен орнының және өндіруші компанияның атауы) | Мұнай қабылдау көлемі, тонна | | Мұнайды тиеп-жөнелту көлемі, тонна | | 1-күнге қарағандағы жағдай бойынша ауыспалы қалдық, тонна | Тиеп-жөнелту көлігінің түрі (т/ж цистернасы, автоцистерна, танкер, құбыр) | Артылған мұнайды алу пункті | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ай ішінде | жыл басынан бері | ай ішінде | жыл басынан бері | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | 6 | | 7 | 8 | 9 | 10 |
| Барлығы | | | | | | | | | | | |

| Атауы/Наименование ____________________<br>________________________________ | Мекенжайы/Адрес<br>__________________________________________<br>___ |
|---|---|

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ ________________________

Орындаушы/Исполнитель____________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

__________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Терминалда мұнай қозғалысы
бойынша ай сайынғы ақпарат
туралы есеп нысанына
қосымша

"Терминалда мұнай қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ПН-19, ай сайын)

1. 1-бағанда ретімен нөмірлер көрсетіледі;

2. 2-бағанда мұнайды мұнай өңдеу зауытына, қуаты аз мұнай өңдеу зауытына жеткізетін кәсіпорынның атауы көрсетіледі;

3. 3-бағанда мұнай жеткізетін кәсіпорындардың мекенжайы, телефондары және басшылары көрсетіледі;

4. 4-бағанда мұнайы одан әрі тасымалдау үшін терминалға түсетін кен орнының және өндіруші компанияның атауы көрсетіледі;

5. 5-бағанда есепті айда және жыл басынан бері одан әрі тасымалдау үшін терминалға түсетін мұнайдың тоннадағы көлемі көрсетіледі;

6. 6-бағанда есепті айда және жыл басынан бері одан әрі тасымалдау үшін терминалдан тиеп-жөнелтілген мұнайдың тоннадағы көлемі көрсетіледі;

7. 7-бағанда есепті айдың соңына қарағандағы жағдай бойынша, терминалда орналасқан мұнайдың тоннадағы көлемі көрсетіледі;

8. 8-бағанда одан әрі тасымалдау үшін мұнайды терминалдан тиеп-жөнелтілген көліктің түрі көрсетіледі;

9. 9-бағанда терминалдан мұнай тасымалданатын пункттің атауы көрсетіледі;

10. 10-бағанда қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 20-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
20-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Ілеспе және табиғи газды өндіру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ФППО-20

Кезеңділік: тәулік сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы ___________ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізетін және мұнай өндіруді жүзеге асырмайтын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: тәулік сайын, есепті тәуліктен кейінгі тәуліктің Астана қаласының уақыты бойынша сағат 04.00-ге дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| | Өндіру, мың текше метр | | | | Ұңғымалардың тоқтап | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ілеспе газ | | табиғи газ | | | | |
| | | | | | | | |

| Кен орнының атауы | тәулік ішінде | айдың басынан бері | тәулік ішінде | айдың басынан бері | тұруы, бірлік | Ысырап, мың текше метр | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | | | | 3 | 4 | 5 |
| (1-кен орны) | | | | | | | |
| (2-кен орны) | | | | | | | |
| (3-кен орны) | | | | | | | |
| ... | | | | | | | |
| (n кен орны) | | | | | | | |
| Компания бойынша барлығы | | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _______________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

________________________________________________________________________ ______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Ілеспе және табиғи газды өндіру
бойынша тәулік сайынғы
ақпарат туралы есеп нысанына
қосымша

"Ілеспе және табиғи газды өндіру бойынша тәулік сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ФППО-20, тәулік сайын)

1. 1-бағанда рет ретімен кен орнының атауы көрсетіледі;

2. 2-бағанда кен орындары бойынша тәулік ішінде және айдың басынан бері өндірілген ілеспе газдың және табиғи газдың көлемі текше метрмен көрсетіледі;

3. 3-бағанда қандай да бір себеппен: жөндеу жұмыстарының, апаттарды жоюдың, зерттеу жұмыстарының жүргізілуі, электр энергиясының өшірілуі салдарынан тоқтап тұрған ұңғымалардың саны көрсетіледі;

4. 4-бағанда газ ұңғымаларының тоқтап тұруымен байланысты газ ысырабының ( кем алынуы) көлемі көрсетіледі;

5. 5-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 21-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
21-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ФППО-21

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _________ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізетін және мұнай өндіруді жүзеге асырмайтын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесіне) дейін

ЖСН/БСН

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Ай | Кен орнының атауы | Газ (мың текше метр) | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| | | ілеспе | табиғи | |
| 1 | 2 | 3 | | 4 |
| Қаңтар | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Ақпан | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Наурыз | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Сәуір | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Мамыр | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Маусым | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Шілде | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | | | |
| Тамыз | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Қыркүйек | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Қазан | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Қараша | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Желтоқсан | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| (ЖЖЖЖ) жыл | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ______________________ ___________________________________ | Мекенжайы/Адрес ____________________________________________ ____ |

Телефоны/Телефон____________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ______________________ _________________________

Орындаушы/Исполнитель______________________________________ ________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

______________________________________________________________________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Ілеспе және табиғи газды
өндіру бойынша тәулік
сайынғы ақпарат туралы
есеп нысанына
қосымша

"Ілеспе және табиғи газды нақты ай сайынғы өндіру туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме ( ФППО-21, ай сайын)

1. 1-бағанда жылдың айлары көрсетіледі, кейінгі ақпарат тәртіпке сәйкес толтырылады;

2. 2-бағанда рет ретімен кен орнының атауы көрсетіледі;

3. 3-бағанда кен орындары бойынша ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап есепті айға дейін өндірілген ілеспе және табиғи газдың көлемі мың текше метрмен көрсетіледі ;

4. 4-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 22-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
22-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ФППО-22

Кезеңділік: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _________ айы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізетін және мұнай өндіруді жүзеге асырмайтын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесіне) дейін

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| № р/с | Көрсеткіштер | жыл бойынша жоспар | ай ішінде | | жыл басынан бері | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | нақты | жоспар | нақты | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | | 5 | | 6 |
| 1. | Газ өндіру, барлығы, мың текше метр | | | | | | |
| | оның ішінде: | | | | | | |
| | табиғи газ, мың текше метр | | | | | | |
| | ілеспе газ, мың текше метр | | | | | | |
| 2. | Өз қажеттіліктеріне арналған шығыстар, барлығы, мың текше метр | | | | | | |
| | оның ішінде газ-турбина | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | л ы қ қондырғыны пайдалану, мың текше метр | | | | | | |
| 3. | Г а з дайындау қондырғысына, газ өңдеу зауытына жеткізу, мың текше метр | | | | | | |
| 4. | Ысыраптар, мың текше метр | | | | | | |
| 5. | Газды кері айдау, мың текше метр | | | | | | |
| 6. | Алауда жағылғаны, мың текше метр | | | | | | |
| 7. | Сатылғаны, мың текше метр | | | | | | |
| 8. | Г а з құбырына тапсырылғаны, мың текше метр | | | | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование ____________________ ________________________________ | Мекенжайы/Адрес ____________________________________________ |

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ ________________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

______________________________________________________________________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ___________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Ілеспе және табиғи газдың
қозғалысы бойынша ай
сайынғы ақпарат туралы
есеп нысанына
қосымша

"Ілеспе және табиғи газдың қозғалысы бойынша ай сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ФППО-22, ай сайын)

1. 2-бағанда көрсеткіштер көрсетіледі;

2. 3-бағанда ағымдағы жылға 2.1.- 2.10 бағанының атауына сәйкес көрсеткіштердің жоспарлы мәндері көрсетіледі;

3. 4-бағанда есепті ай ішінде 2.1.- 2.10 бағанының атауына сәйкес көрсеткіштердің жоспарлы және нақты мәндері көрсетіледі;

4. 5-бағанда ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап есепті айға дейінгі кезеңде 2.1.- 2.10 бағанының атауына сәйкес көрсеткіштердің жоспарлы және нақты мәндері көрсетіледі;

5. 6-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 23-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
23-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ФППО-23

Кезеңділік: жыл сайын

Есепті кезең: 20__ жыл бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін және мұнай өндіруді жүзеге асырмайтын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, әр жылдың 25 (жиырма бесінші) желтоқсанына дейін.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| Ай | Кен орнының атауы | Газдың жоспарлы өндірілуі, мың текше метр | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| | | ілеспе | табиғи | |
| 1 | 2 | 3 | | 4 |
| Қаңтар | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Ақпан | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Наурыз | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| Сәуір | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| Мамыр | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| Маусым | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| Шілде | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| Тамыз | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| Қыркүйек | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| Қазан | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| Қараша | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |
| Желтоқсан | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |
| | (№ 1 кен орны) | | | |
| | (№ 2 кен орны) | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| (ЖЖЖЖ) жыл | ... | | | |
| | (№ n кен орны) | | | |
| | Барлығы | | | |

| | |
|---|---|
| Атауы/Наименование________________________ ________ | Мекенжайы/Адрес ___________________________________________ ___ |

Телефоны/Телефон___________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты _____________________ ________________________

Орындаушы/Исполнитель____________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

___________________________________________________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) _____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Ілеспе және табиғи газды
өндіру жоспары бойынша жыл
сайынғы ақпарат туралы
есеп нысанына
қосымша

"Ілеспе және табиғи газды өндіру жоспары бойынша жыл сайынғы ақпарат туралы есеп" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме (ФППО-23, жыл сайын)

1. 1-бағанда жылдың айлары көрсетіледі, кейінгі ақпарат тәртіпке сәйкес толтырылады;

2. 2-бағанда рет бойынша кен орны көрсетіледі;

3. 3-бағанда кен орындары бойынша есепті жылдың қаңтарынан бастап желтоқсан айына дейін өндірілетін ілеспе және табиғи газдың жоспарлы көлемі мың текше метрмен көрсетіледі;

4. 4-бағанда кен орындары бойынша қосымша немесе анықтамалық мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 24-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
24-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

**Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру кезінде есептерді ұсыну қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру кезінде есептерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 132-бабына және 145-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру кезінде есептерді ұсыну тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар Кодекстің 277-бабының 3-тармағына сәйкес Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін берілген және жасалған рұқсаттар, лицензиялар мен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қарым-қатынастарға да қолданылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ведомстволық бағынысты ұйым – көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның қарамағындағы және мұнай мен шикі газды өндіру мен айналымының бірыңғай дерекқорын жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) мұнай өңдеу зауыттары – қайта өңделген өнімдерді кейіннен ішкі және сыртқы нарықтарда өткізуге арналған мұнайды қайта өңдеу мақсатында мұнайды қабылдайтын зауыттар;

3) тасымалдаушы – мұнай тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға ;

4) терминалдың меншік иесі – резервуарлар, сондай-ақ мұнайды көлікке (теміржол цистерналары, автоцистерналар, танкерлер) немесе мұнай құбырына қабылдауға/тиеп-жөнелтуге арналған платформа сипатындағы мұнай сақтауға арналған өнеркәсіптік объектіні иеленетін заңды немесе жеке тұлға;

5) жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі – жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратты жинауға, сақтауға, талдау мен өңдеуге арналған, көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның "Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі" интеграцияланған ақпараттық жүйесі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Жер қойнауын пайдаланушылар, мұнай өңдеу зауыттары, тасымалдаушылар мен терминалдардың меншік иелері көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу, мұнайды және (немесе) шикі газды өндіру және олардың айналымы саласында операцияларды жүзеге асыру кезінде есептерді көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға/ведомстволық бағынысты ұйымға жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі арқылы ұсынады және оларды бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

2-тарау. Көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу, мұнай және (немесе) шикі газ өндіру және олардың айналымы саласындағы операцияларды жүзеге асыру кезінде есептерді ұсыну тәртібі

4. Жер қойнауын пайдаланушы тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есептер ұсынады.

Жер қойнауын пайдаланушы тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 ( жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға осы бұйрыққа 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есептер ұсынады.

Жер қойнауын пайдаланушы жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп ұсынады.

Өнімді бөлу туралы келісім немесе Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы, сондай-ақ 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде елу миллион тонна алынатын мұнайдың қалдық қорлары бар көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланушы тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті ұсынады.

5. Жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға/ведомстволық бағынысты ұйымға мыналарды ұсынады:

1) геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін және мұнай өндіруді жүзеге асырмайтын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, есепті кезеңдерден кейінгі тәулік сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 04.00-ге дейін осы бұйрыққа 8 және 20-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есептерді;

2) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 (бесінші) күніне дейін осы бұйрыққа 9, 10, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есептерді;

3) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін осы бұйрыққа 11 және 12-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есептерді;

4) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейін осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептерді;

5) жыл сайын, әр жылдың 25 (жиырма бесінші) желтоқсанына дейін осы бұйрыққа 14 және 23-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша есептерді.

6. Тасымалдаушы көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

1) есепті кезеңдерден кейінгі тәулік сайын Астана қаласының уақыты бойынша тәуліктің 06.00 сағатына дейін осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті;

2) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 8 (сегізінші) күніне дейін осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті;

3) жыл сайын, әр жылдың 25 (жиырма бесінші) желтоқсанына дейін, осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті.

7. Мұнай өңдеу зауыттары ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 (бесінші) күніне дейін көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп береді.

8. Терминалдардың меншік иелері ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 6 ( алтыншы) күніне дейін көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп береді.

9. Ведомстволық бағынысты ұйым есептерді ұсыну бойынша мониторингті жүзеге асырады, оларды жүйелейді және талдайды және тиісті ақпаратты көмірсутектер саласынағы уәкілетті органға ұсынады:

1) тәулік сайын, Астана қаласының уақыты бойынша тәуліктің 09.00 сағатына дейін ;

2) ай сайын: алдын ала – есепті кезеңнен кейінгі айдың 1 (бірінші) күні, түпкілікті – есепті кезеңнен кейінгі айдың 12 (он екінші) күні;

3) тоқсан сайын: алдын ала – есепті кезеңнен кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне, түпкілікті – есепті кезеңнен кейінгі айдың 12 (он екінші) күніне қарай.

4) жыл сайын: алдын ала – есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 (бірінші) қаңтарында, түпкілікті – есепті кезеңнен кейінгі жылдың қаңтарының 12 (он екінші) күніне қарай.

10. Ведомстволық бағынысты ұйым осы Қағидалардың 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінші ) күніне және жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың қаңтарының 18 (он сегізінші) күніне ұсынады.

11. Егер есепті ұсыну мерзімінің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге түссе, одан кейінгі ең жақын жұмыс күні мерзімнің аяқталу күні болып есептеледі.

12. Ведомстволық бағынысты ұйым мұнай мен шикі газды өндірудің және оның айналымының бірыңғай дерекқорын осы Қағидалардың 6, 7, 8 және 9-тармақтарына сәйкес ұсынылатын есептер негізінде қалыптастырады.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2026 жылғы 17 сәуірдегі
№ 160-н/қ
Бұйрыққа 25-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 23 мамырдағы
№ 203 бұйрығына
25-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: https://egsu.energo.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Жобалау (инжиниринг) бойынша тоқсан сайынғы есептілік нысаны

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ИНЖ-25

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде немесе Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде елу миллион тонна қалған алынатын мұнай қорлары бар көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдаланушылар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 (он бесінен) кешіктірмей

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

Жинау әдісі: электрондық түрде

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ТЖКҚ БНА | | ЖЖБжБ-да қарастырылған сома/ТЖКҚ құнын |

| Сатып алу жоспарындағы нөмір | Сатып алу затының коды | Сатып алынатын ТЖКҚ атауы | | Сатып алудың жоспарланған тәсілі | Оператордың бағалауы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| Біліктілік алдындағы нәтижелері бойынша қабылданбаған қатысушылар тізімі | Әлеуетті қазақстандық өнім берушілердің/тауар өндірушілердің тізімі | Әлеуетті шетелдік өнім берушілердің /тауар өндірушілердің тізімі |
|---|---|---|
| 7 | 8 | 9 |
| | | |

кестенің жалғасы

| Қазақстандық емес өнім беруші/тауар өндіруші жеңген жағдайда қабылданбаған өтінімдер тізімі | Қазақстандық емес өнім беруші /тауар өндіруші жеңген жағдайда егжей-тегжейлі негіздемемен ТР-ге сәйкес өтінімді қабылдамау себептері | Сатып алудың іс жүзіндегі тәсілі ( сатып алудың бастапқы тәсілі өзгерген жағдайда – негіздеме ұсыну ) | Шарт жасалған күн | Шарттың нөмірі | Шарт сомасы |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | | | | | |

кестенің жалғасы

| Шарттың қолданыс мерзімі | ТЖКҚ-дағы ЕҚ болжалды үлесі (Бар болса Тауар , Жұмыс, Көрсетілетін қызметті жеке бөлу), % | ТЖКҚ-дағы ЕҚ нақты үлесі (Бар болса Тауар, Жұмыс, Көрсетілетін қызметті жеке бөлу) | ТЖКҚ-да МҚ орындалмаған міндеттемелері үшін өнім берушіге қатысты қабылданған шаралар | Шарттың мәртебесі ( жасалды/ орындалды/ мерзімінен бұрын тоқтатылды) | Мерзімінен бұрын тоқтатылу себебі |
|---|---|---|---|---|---|
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| | | | | | |

Атауы/Наименование _____________________ ________________________________

Мекенжайы/Адрес __________________________________________ ____

Телефоны/Телефон__________________________

Электрондық пошта мекенжайы/ Адрес электронной почты ____________________ _________________________

Орындаушы/Исполнитель___________________________________ _______________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон/фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам/ Руководитель или лицо, исполняющее его обязанности

_______________________________________________________________________________

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы/фамилия, имя и отчество ( при его наличии) подпись

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)/Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства) ____________________________________

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Жобалау (инжиниринг)
бойынша тоқсан сайынғы
есеп формасына
қосымша

"Жобалау (инжиниринг) бойынша тоқсан сайынғы есеп формасы" әкімшілік деректерін өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме ( ИНЖ-25, тоқсан сайын)

Кестені толтыруға түсіндірме:

1. 1-бағанда Сатып алу жоспарының нөмірі толтырылады;

2. 2-бағанда сатып алу затының коды толтырылады;

3. 3-бағанда сатып алынатын ТЖКҚ атауы туралы ақпарат көрсетіледі;

4. 4-бағанда ТЖКҚ Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығынан (БНА) код толтырылады;

5. 5-бағанда сатып алудың жоспарланған тәсілі толтырылады;

6. 6-бағанда ЖЖжББ қарастырылған сома/ТЖКҚ құнын Оператордың бағалауы мың теңгемен (жүздік үлесімен бөлшек сан) көрсетіледі;

7. 7-бағанда біліктілік алдындағы нәтиже бойынша қабылданбаған қатысушылардың тізімі көрсетіледі;

8. 8-бағанда әлеуетті қазақстандық өнім берушілердің/тауар өндірушілердің тізімі көрсетіледі;

9. 9-бағанда әлеуетті шетелдік өнім берушілердің/тауар өндірушілердің тізімі көрсетіледі;

10. 10-бағанда қазақстандық емес өнім беруші/тауар өндіруші жеңген жағдайда қабылданбаған өтінімдердің тізімі көрсетіледі;

11. 11-бағанда қазақстандық емес өнім беруші/тауар өндіруші жеңген жағдайда Оператордың егжей-тегжейлі негіздемесімен Тендер Процедураларына сәйкес өтінімнің қабылданбау себептері туралы ақпарат толтырылады;

12. 12-бағанда сатып алудың нақты тәсілі көрсетіледі (сатып алудың бастапқы тәсілі өзгерген жағдайда – негіздеме ұсыну);

13. 13-бағанда шарттың жасалған күні көрсетіледі;

14. 14-бағанда шарттың нөмірі толтырылады;

15. 15-бағанда шарттың сомасы толтырылады;

16. 16-бағанда шарттың қолданылу мерзімі көрсетіледі;

17. 17-бағанда ТЖКҚ-дағы ЕҚ болжалды үлесі пайызбен (жүзден бір үлеске дейін) көрсетіледі (Бар болса Тауар, Жұмыс, Көрсетілетін қызметті жеке бөлу);

18. 18-бағанда ТЖКҚ-дағы ЕҚ нақты үлесі көрсетіледі (Бар болса Тауар, Жұмыс, Көрсетілетін қызметті жеке бөлу);

19. 19-бағанда ТЖКҚ-дағы ЕҚ міндеттемелерін орындамағаны үшін өнім берушіге қатысты қабылданған шаралар бойынша ақпараттар толтырылады;

20. 20-бағанда шарттың мәртебесі көрсетіледі (жасалды/орындалды/мерзімінен бұрын тоқтатылды);

21. 21-бағанда мерзімінен бұрын тоқтатылу себебі бойынша ақпарат толтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК